



Мен Ұлыстың ұлы күнін  
жаңаша атап өтуді ұсындым.  
Табиғатты тазалап, қоршаған  
ортаны көгалдандыруды қолға  
алайық. Мұндай шараларды  
барлық аймақта  
ұйымдастыруымыз қажет.  
Бұл – ата салтымыз жəне  
ұрпаққа экологиялық тәрбие  
берудің ең тиімді жолы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

#### ХАЛЫҚТЫҚ ЖОБА



### ҚАЛАНЫ КӨРКЕЙТУ – ӨЗ ҚОЛЫҢЫЗДА

3

#### МУФТИЯТ



### ҚОШ КЕЛДІҢ, АЙЛАРДЫҢ СҰЛТАНЫ!

4

#### НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ



### ӘЛЕМ ЖЫЛ БАСЫН ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛАДЫ?

7

#### KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша  
ауа райы болжамы  
(бүгін жəне ертең)

21.03.2023

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+9+11 °C

Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:  
2-7 м/с

22.03.2023

Түнде:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:  
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



# Almaty

## AQSHAMY



QR-кодты  
СКАНЕРЛЕП,  
САЙТҚА  
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №38 (6331) 21 наурыз, сейсенбі, 2023 жыл. | [www.almaty-akshamy.kz](http://www.almaty-akshamy.kz)

[www.instagram.com/  
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/  
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/  
UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqeA](https://www.youtube.com/channel/UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqeA)

[web.telegram.  
org/k/#@aqshamy\\_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/  
aqshamy.official](https://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/  
aqshamy\\_kz](https://twitter.com/aqshamy_kz)

#### ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

# ТӨРЛЕТ, ӘЗ-НАУРЫЗ!



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Көкжиектен көгілдір көктем көрініп, Самарқанның көк тасы ерігелі бері ел іші  
қуанышқа кенеліп, барша жұрт жадыраңқы көңіл-күйде жүр. Жер-жердің бәрінде Ұлыстың  
Ұлы күні – Наурыз мерекесі аталып өте бастады. Қазағымның кең даласына келген Жаңа  
жыл құт-берекесін ала келсін дейміз.  
Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, ағайын!

6-7

## ЕРТЕҢ – ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ!



#### НАУРЫЗНАМА

## «ШАҢЫРАҚ» ШАТТЫҚҚА БӨЛЕНДІ



Алматы қаласындағы «Мамыр-7» шағынауданында орналасқан  
«Шаңырақ» әлеуметтік қызмет орталығында Наурыз мерекесі  
тойланды. Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар басқармасы, Әуезов ауданы әкімі аппараты, Әуезов  
аудандық ардагерлер кеңесі ұйымдастырған думанды шараға  
орталықтың мүмкіндігі шектеулі жандары, қызмет алушылары,  
қаланың басқа да аудандарынан келген қонақтар, демеуші  
серіктестер қатысты.

#### ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Израиль Президентімен телефон арқылы сөйлесті.
- Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Ақпараттық доктринасын бекіту туралы Жарлыққа қол қойды.
- Бас мүфти ораза ұстайтын жандарға кеңес берді.
- Қазақстанның авиациялық әкімшілігі халықаралық сыйлыққа ие болды.
- Қашаған мұнайы Ақтау–Баку бағыты арқылы тасымалдана бастады.
- Алматыдан Бакуге тікелей ұшатын авиарейс ашылды.
- Алматыда жаңа автобус бағыты ашылды.
- «Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық жобасы іске қосылды.

[www.almaty-akshamy.kz](http://www.almaty-akshamy.kz)



9 772223 237006 >

6





САЙЛАУ – 2023

# ДАУЫС БЕРУ БАРЫСЫ АШЫҚ ӘРІ ШЫНАЙЫ ӨТТІ

## Түркиялық бақылаушылар сайлау учаскелерінде позитивті қарым-қатынас болғанын айтты

ҚР Парламентінің Мәжілісі және Алматы қаласының мәслихаты депутаттарын сайлау бойынша жалпықалалық баспасөз орталығының алаңында түркітілді елдердің Парламенттік ассамблеясының атынан сайлау науқанына қатысқан бақылаушылардың қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.

**Досбол  
АТАЖАН**

Сарапшылар Алматы қаласының сайлау учаскелерінде бақылау жүргізді. Түркі елдерінің өкілдері Алматыда сайлау барысы жоғары деңгейде, тыныш, бірқалыпты өткенін атап өтті.

«Біз Алматыда болдық, іссапарлар жасап, түрлі партиялардың өкілдерімен сөйлестік. Сайлау комиссияларының жұмысына ерекше назар аударылды. Осы уақыт ішінде біз сайлау барысын бақылай отырып, ашықтық пен кәсібилікті көрдік. Біз



ешқандай проблема таппадық», – деді Түркия Ұлы Ұлттық жиналысы Бас ассамблеясының депутаты Ибрахим Айдемир.

Түркиялық делегация сайлау учаскесіне келу барысын да қадағалады және олар азаматтардың белсенділігін байқаған. Сонымен бірге, олар егде жастағы адамдар

мен мүмкіндіктері шектеулі, ерекше қажеттіліктері бар жандардың дауыс беруі үшін барлық мүмкіндіктер жасалғанын айтты.

Сондай-ақ, спикер оларға қала орталығындағы сайлау учаскелерінің бірінде анасымен бірге дауыс беру кабинасына кіруге рұқсат етілмей, сол үшін жылап қалған кішкентай баланы жұбатуға тура келген қызықты жайтпен бөлісті.

«Осы оқиғаны толығырақ айтатын болсам, анасы дауыс беру үшін кабинаға кіріп кеткенде, кішкентай баласы сыртында қалып қойып, жылап жіберді. Біз шын мәнінде баланың қылығына сүйсіндік, анасынан қалып қойған баланы жұбатып, көңілін ауладық», – деді ол.

Сарапшының айтуынша, дауыс беру барысы ашық әрі шынайы өтті. Олар сондай-ақ, кейбір сайлау учаскелерінің Наурыз мерекесін мерекелеуге дайындалғанын атап өтті. Мұндай жағдайлар да бақылаушылар назарын аудармай қоймаған.

Брифинг соңына таман делегация өкілдері алматылықтарды келе жатқан Наурыз мерекесімен құттықтап, Қазақстанның өркендей беруін тіледі.

БРИФИНГ

## ДАЙЫНДЫҚ ДЕНГЕЙІ ЖОҒАРЫ БОЛДЫ

ҚР Парламентінің Мәжілісі және Алматы қаласының мәслихат депутаттарын сайлау бойынша жалпықалалық баспасөз орталығының алаңында Псков облысы (РФ) Ішкі саясат басқармасының муниципалды құрылымдардағы қоғамдық-саяси процестерді бақылау бөлімі басшысының орынбасары Алексей Пономаренко және Псков облысы (РФ) сайлау комиссиясының мүшесі Борис Соковтың қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.



«Кеше бізге берілген құзыреттің негізінде Алматы қаласының сайлау учаскелерін араладық. Қазақстанда сайлау жүйесінде біршама өзгерістер

болды. Соны ескерте отырып, сайлауға дайындық деңгейі жоғары болғанын айта аламыз. Әрбір сайлаушы еркін дауыс бере алатындай барлық жағдай жасалған.

Сайлау учаскелерін аралау кезінде ешқандай заңбұзушылықтар анықталмады. Сондай-ақ, учаскелерде қоғамдық ұйымдардан, партияның сенімді тұлғаларынан бақылаушылардың да көп болғанын байқадық», – деді Б.Соков.

Ал А.Пономаренко сайлау барысы мерекелік көңіл-күйде өткенін айтты.

«Барлық сайлау учаскелерде мерекелік көңіл күй байқалды. Оған алдағы күндері тойланатын Наурыз мейрамы да әсер еткен болуы керек. Мысалы, №388 сайлау учаскесінде ұлттық киімдегі адамдар болды және ұлттық үй тігілген. Бұл келген сайлаушыларға оң әсер еткені сөзсіз», – деп атап өтті Алексей Пономаренко.

**Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.**ҚАЛАЛЫҚТАР  
ҚАПЕРІНЕ!

Алматыда мереке күндері бірқатар маршруттардың жүру бағыты өзгереді. Уақытша шектеу Наурыз мейрамына арналған іс-шаралардың өтуіне байланысты енгізілген.

## МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ ЖОЛДАР ЖАБЫЛАДЫ

№№16, 126 – шығысқа қарай – Төле би к-сі – Абылай хан д. – Гоголь к-сі – әрі қарай сызбаға сәйкес;

№№16, 126 – батысқа қарай – Қонаев к-сі – Бөгенбай батыр к-сі – Абылай хан д. – Төле би к-сі – әрі қарай сызбасы бойынша;

№№37, 201, 206, 209, 210, 224 – шығысқа қарай – Төле би к-сі – Абылай хан д. – Қабанбай батыр к-сі – Назарбаев д. – Төле би к-сі – әрі қарай схемасы бойынша;

№№37, 201, 206, 209, 210, 224 – батысқа қарай – Төле би к-сі – Назарбаев д. – Бөгенбай батыр к-сі – Абылай хан д. – Төле би к-сі – әрі қарай схемасы бойынша;

№48 – оңтүстікке қарай – Төле би к-сі – Абылай хан д. – Қабанбай батыр к-сі – Достық д. – әрі қарай схемасы бойынша;

№48 – солтүстікке қарай – Достық д. – Бөгенбай батыр к-сі – Абылай хан д. – Төле би к-сі – әрі қарай схемасы бойынша;

№205 – солтүстікке қарай – Желтоқсан к-сі – Қабанбай батыр к-сі – Назарбаев д. – Төле би к-сі – әрі қарай схемасы бойынша;

№205 – оңтүстікке қарай – Төле би к-сі – Назарбаев д. – Бөгенбай батыр к-сі – Наурызбай батыр к-сі – әрі қарай схемасы бойынша;

Барлығы 10 маршруттың қозғалыс бағыты өзгерді. Осыған орай алдағы мереке күндері автокөлік иелеріне жол жүру барысын алдын ала жоспарлап алу керектігін ескертеміз.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

## САЙЛАУ СӘТТІ АЯҚТАЛДЫ

Дауыс беру күні сайлау комиссияларына артылған жүк ауқымы зор болды. Бірнеше бюллетень, бір жағынан кандидаттар саны да көп болды. Соған қарамай, сайлау комиссиясының өкілдері дауыс беру процесін кәсіби түрғыда атқарды.

**Ақтолықын  
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Бұл туралы сайлау бойынша жалпықалалық баспасөз орталығының алаңында Тәуелсіз бақылаушылар орталығының жетекшісі, Алматыдағы партиялық емес байқаулар орталығының өкілі Александр Братенков пен Бақылаушылар мектебінің тренері Қайыржан Әбдіхалықов хабарлады.

«Дауыс беру процесінде негізгі жұмыс сайлау комиссияларына байланысты екені сөзсіз. Учаскелік сайлау комиссиясы-

ның мүшелері барынша білікті және құзыретті болулары керек. Учаскелік комиссия мүшесінің әрқайсысы заңнаманы білуге қатысты кәсіби дайындықтан өтеді. Алматыда сайлау комиссиясы мүшелерінің біліктілік деңгейі айтарлықтай жоғары. Мен сайлау белсенділігінің жеткіліксіз болуын кемшілік деп санаймын. Нақты себебін атап көрсету қиын, бірақ бұл дәліз 25-35%-ды құрайды. Алматылықтардың неліктен белсенді емес екенін түсіну үшін қосымша зерттеулер қажет», – деді Бақылаушылар мектебінің жетекшісі Александр Братенков.

Айта кетейік, Алматы қаласы бойынша бірмандатты округтерден Мәжіліс депутаттығына 82 кандидат тіркелсе, мәслихат депутаттығы үшін 144 үміткер саяси додаға қатысқан.

«Сайлау сәтті аяқталды. Учаскелік сайлау комиссиясының жұмысын іштен де бақылап көрдім. Менің сайлау учаскемде бәрі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Сайлау комиссиясының мүшелері бюллетень бойынша да, тізім бойынша да жұмыста-



рын ойдағыдай атқарды. Сайлаушы ретінде маған барлық құқығымды түсіндірді. Байқаушылар мектебінде 1723 адамды дайындадық. Барлығы құқық шеңберінде 2 апта аралығында оқытылды. Алматы қаласында сайлау процесі заң жүзінде өтті. Байқаушылар мектебін болашақта да көбейтеміз деп ойлап отырмыз.

Осылайша қоғам үшін де пайдалы болады деген үміттеміз. Сайлауға қатысып, дауыс берген азаматтарымызға алғысымызды білдіреміз. Сайлау әділ әрі ашық өткізілді. Шетелдік бақылаушылар да өздерінің жағымды пікірін білдірді», – дейді Бақылаушылар мектебінің тренері Қайыржан Әбдіхалықов.





ХАЛЫҚТЫҚ ЖОБА

# ҚАЛАНЫ КӨРКЕЙТУ – ӨЗ ҚОЛЫҢЫЗДА

немесе «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы Бостандық ауданында да қарқын алған

Елімізде «Халық қатысатын бюджет» деген жақсы бағдарлама бар. Бағдарламаның артықшылығы – оған тұрғындардың өзі тікелей қатысып, атсалыса алады. Иә, тұрып жатқан жеріне, айналасына, маңайына не керек екенін олардың өздерінен артық ешкім біле қоймас.



Нұржамал  
ӘЛШЕВА

## Бұл – жақсы тәжірибе

Сәл шегініс. Халықаралық ынтымақтастық бойынша Қазақстан 2019 жылы алғаш рет құрамында 71 ел бар муниципаторлық бюджеттеудің әлемдік атласына қосылды. Осылайша жергілікті деңгейде 2020 жылдан бастап республикалық, облыстық маңызы бар қалаларда және астанада «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы жүзеге асырылып келеді.

«Халық қатысатын бюджет» бойынша алматылықтар жергілікті бюджет қаражатын бөлу кезінде оған тікелей қатыса алады. Яғни бұл жердегі мақсат – бюджетті талқылауға халықты тарту. Сонда тұрғындар қаланы абаттандыруға, аумақты көгалдандыруға, тротуарларды, пандустарды, арықтарды салуға және жөндеуге, ортақ пайдаланылатын қоғамдық орындарды құруға, жарықтандыруға, балаларға ойын, спорт алаңдарын және ересектердің тынығуы үшін демалыс аймақтарын салып беруге атсалыса алады деген сөз.

Бұл жобаның тиімді болғанын Мемлекет басшысының өзі де атап өткен болатын. «Халық қатысатын бюджет» орталыққа бағынатын қалалар мен облыс орталықтарына табысты енгізілді. Бұл – жақсы тәжірибе. Енді абаттандыру және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығының бюджетіндегі «халық қатысатын» үлесті 10 есе арттыру керек», – деді.

2019 жылы пилоттық жоба ретінде басталған бағдарламаға бастапқыда 8 млрд теңге бөлінген болатын. Биылдан бастап бұл қаржы біздің Алматыда 15 млрд теңгеге дейін өсіп отыр.

## Тұрғындардың талабына сай

Иә, биыл да алматылықтар, оның ішінде Бостандық ауданының тұрғындары бұл бағдарламаға үміт артып отыр. Себебі, олар әрбір жоба халықтың талап-тілегімен, тұрғындардың талабына сай жасалатынын жақсы біледі.

Бостандық ауданы – мегаполистегі ең іргелі аудан, онда 365 мың адам (Алматы халқының 18%-ы) тұрады. Аудан әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша шаһардың 19,7% жұмыспен қамтылуын, бюджетке түсетін салықтың 24%-ын қамтамасыз етеді. Инвестиция тарту бойынша алғашқы орында. Тұрғындардың негізгі бөлігі ШОБ саласында жұмыс істейді.

Дегенмен, экономикалық көрсеткіштердің осылай айтарлықтай жоғары болуына қарамастан, ауданда әлеуметтік инфрақұрылым, қоғамдық кеңістіктер, абаттандыру бойынша қордаланған мәселелер әлі де бар.

Бытыр, яғни 2022 жылы Бостандық ауданы бойынша «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 800 млн теңге сомасына 21 жоба іске асырылды. Атап айтсақ, балалар және спорт алаңдары, Гагарин мен Бұқар жырау көшелеріндегі бульвар, Қазақ мемлекеттік циркінің, ҚазҰУ жанында, №10 мектептің қасында скверлер, Тимирязев көшесінде жаяу жүргіншілер аймағы салынды. Сондай-ақ, жасыл аймақтарға арналған суару су құбырлары жөнделді.

Ал биылға осы жоба шеңберінде тұрғындардың өтінімдері бойынша 800 млн теңге сомасына 17 жоба іріктеліп алынған болатын. Жалпы, аудан бойынша 165 өтінім түскен. Сонда биыл ауданда 6 сквер, 10 спорт және балалар алаңы, жөнделді, сондай-ақ жерге көмілетін бір контейнерлік алаң орнатылады. Бұл жұмыстар ағымдағы жылдың мамыр айында басталады деп отыр аудандық әкімдік өкілдері.



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.



Кеше



Бүгін

## Әкімдік барлық бастаманы қолдайды

Иә, халыққа оңтайлы болып отырған «Халық қатысатын бюджет» жобасы биыл бесінші рет жүзеге асырылуда. Алматыда алғаш рет ол 2019 жылдың тамызында іске қосылған болатын. 2022 жылы 1251 ұсыныс келіп түсіп, оның 205-і 2023 жылы іске асыруға мақұлданды, жалпы сомасы 8,5 млрд теңгені құрайды. Осы орайда 2022 жылдың ең қызықты жобаларының ішінде мыналарды атап өткен жөн: Жетісу ауданындағы Черновицкий көшесі, Есентай өзенінің бойындағы жағалауды жайластыру; Алмалы ауданындағы Бөгенбай батыр бульварын абаттандыру (Шәріпов көшесінен бастап Байтұрсынов көшесіне дейін); Медеу ауданындағы Тіксай өзенінің жағалауын абаттандыру.

Сөз соңында тағы бір еске сала кетейік, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына өтінім қабылдау кезеңі биылғы 31 наурызға дейін жалғасады. Сондай-ақ, тұрғындар budget.oren-almaty.kz сайты арқылы өзіне қажетті жобаны тандай алады. Ал дауыс беру кезеңінде ең көп дауыс жинаған идеялар мен бастамалар әкімдік тарапынан қолдау табады.

## ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Сая АҚЖІПТОВА, көпбалалы ана:

### Көп уақытымыз сәнді саябақта өтеді

Балаларым әлі кішкентай. Кенжеммен үйде отырымын. Үш баламыз мектепке барады, ал екеуі үйде. Сондықтан көп уақытымыз аулада, таза ауада, үйдің маңындағы сәнді саябақта өтеді.

«Халық қатысатын бюджет» деген бағдарлама туралы естігенмін. Себебі, былтыр біздің бір көршіміз балалар алаңын жасау туралы жобасын жасап, бізбен таныстырған. Біз бірден қолдадық. Өзіміздің көз алдымызда, өзіміздің қолдауымызбен жүзеге асырылатын ойын, спорт алаңдарын күтіп ұстауға да тұрғындар мүдделі болады деп ойлаймын. Біз осы бағдарлама аясында жөнделген Ә.Қастеев атындағы саябақтағы субұрқаның маңында жиі серуендейміз. Үлкен Алматы және Есентай өзендерінің жағалаулары да бүгінде көз тартады. Демек, жайлы орта қалыптастыру – өз қолымызда.







## ● МУФТИЯТ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,  
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти:

## РАМАЗАН – РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУ АЙЫ

**Қадірлі отандастар! Сіздерді исі мұсылман баласы асыға күтетін, он екі айдың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа бірлік пен береке, бақыт пен шаттық тілеймін! Рамазан айы құтты болсын!**

Алла Тағала қасиетті Құранда: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңе дейінгі қауымдарға парыз етілгендей тауалыққа жетулерің үшін сендерге де ораза ұстау парыз етілді» («Бақара» сүресі, 183-аят) деп баяндайды. Шариғатымыз бойынша балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға Рамазан айында ораза ұстау – парыз. Алайда, жолаушылар, науқас жандар мен сырқаты асқынып кетуінен қауіптенген адамдар, сондай-ақ жүкті немесе емізулі баласы бар әйелдер ораза ұстауды кейінге қалдыруына болады. Бұған шариғатымыз рұқсат береді.

Рамазан айының қадірі мен қасиетін терең түсінген ізгілер оразаға алты ай қалған сәттен бастап: «Раббымыз, бізді Рамазан айына аман-есен жеткізе гөр!» деп дұға жасаған. Сан ғасырдан бері Ислам дінін рухани тірегі еткен халқымыз берекелі Рамазан айын ерекше дайындықпен күтеді. Сауаптар еселеніп жазылатын айда ауызашар беріп, көмекке мұқтаж жандарға пітір садақасын үлестіріп, үлкендердің алғысы мен батасын алуға тырысады. Оразада игі ниетпен орындалатын ізгі амалдар бүгінде салт-дәстүрімізге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Рамазан – Алла Тағаланың мұсылмандарға берген ұлы сыйы, нығметі. Қасиеті мен шарапаты мол айда күнеларымыздан арылып, сауап жинауға, жан-дүниемізді тазартуға тырысқан абзал. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз үмбетін: «Бұл айда жәннат есіктері ашылады. Ораза тұтқан адамның алдыңғы және кейінгі күнелары кешіріледі», – деп сүйіншілеген.

Рамазанда ауыз бекіткен исі мұсылман баласы өзін ішіп-жеуден ғана шектемей, жаны мен тәнін жамандықтан сақтап, ізгілікке ұмтылады. Ис-әрекетін мұсылманға тән әдеп аясында орындауға тырысады. Өйткені, Рамазан – кез келген ізгі амалды риясыз ниетпен жасауға тәрбиелейтін, адамды тақуалыққа үйрететін ай.

Рухани кемелдену айы – Рамазанда барынша әдепсіз әрекет пен кате-кемшіліктен арылуды көздеген адам әдеп болмас жандардың дөрекі әрекеттерін кешіріп, сыпайы түрде «мен оразамын» деп кешірім жолын ұстанады. Кісінің кемшілігіне сабыр ету де – үлкен сауап. Алла Тағала «Шура» сүресінің 43-аятында: «Әрине, кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің ең маңыздысы осы», – деген.

Аштық пен шөлге төзіп, Алла разылығын алуды шынайы ниет еткен адамға берілетін сый мен құрмет ерекше болмақ. Алла Тағала құдси хадисте: «Аузы берік адам ішіп-жеуден Мен үшін доғарды. Ораза – Мен және құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Аузы берік құлымның аштық пен шөлдеу себебінен шыққан ауыз иісі Мен үшін миск әтірінде де қайырлы», – деген.

Рамазан – Раббымыздың мейірім-махаббатына бөленетін ай. Берекелі, сауабы мол айда Алланың мейіріміне бөленіп, әрбір ізгі амалымыздың жақсылығы еселеніп жазылғай! Еліміз аман, жеріміз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай! Жаратушы Жаббар Иеміз келер жылғы ораза айына аман-есен жетуімізді нәсіп еткей! Әмин!

## ● РАМАЗАН – 2023

# ҚОШ КЕЛДІН, АЙЛАРДЫҢ СҰЛТАНЫ!



Досбол  
АТАЖАН

**Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «Қасиетті Рамазан айының басталуы туралы» баспасөз-конференциясы өтті. БАҚ өкілдерінің алдында Рамазан айындағы ораза ұстау тәртібі туралы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы Төрағасының орынбасары, наиб мүфти Кенжеәлі қажы Қоңыратбайұлы, Алматы қаласының бас имамы Төлеби қажы Оспан, Алматы Орталық мешітінің наиб имамы Руслан Қайыргелді айтып берді.**

«Ассалаумағалейкум, ардақты ағайын! Баршаңызды күллі мұсылман қауымы асыға күткен қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! 14 наурыз күні елордада Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз мәслихатын өткізді. Аталмыш баспасөз мәслихатында биыл Рамазан айы 23 наурызда басталып, 21 сәуірде аяқталатындығын жариялады. Сәуірдің 17-сінен 18-іне қараған түн – Қадір түні. 21 сәуір – Ораза айт мерекесі. Биыл пітір садақа мөлшері – 535 теңге болып бекітілді.

Рамазан – тыйылу айы. Жеп-ішуден ғана емес, күнә атаулыдан, жамандықтан тыйылу маусымы. Әсілі, күні бойы аш жүріп ораза ұстау қиын емес. Ең қиыны – он екі мүшемізге ораза ұстату. Хадисте: «Кімде-кім жаман сөзі мен жаман іс-әрекеттен тыйылмаса, оның тамақ жеуден және сусын ішуден тыйылғаны Алла Тағалаға ешбір керекі жоқ», – деген. Демек, дене-мүшелерімізді теріс іс-әрекеттен тыю ораза талаптарының бірі», – деді Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы Төрағасының орынбасары, наиб мүфти Кенжеәлі қажы Қоңыратбайұлы.

Сондай-ақ, ол Алматының кәсіпкерлерін Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының үндеуіне қосылуға шақырды.

Еліміздің Бас мүфти Наурызбай

қажы Тағанұлы хазрет кәсіпкер азаматтарды, сауда орталықтарының басшыларын қасиетті айдың құрметі үшін халқымыздың тұрмыс жағдайын ескеріп, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен азық-түлік бағасын мүмкіндігінше 10 пайызға дейін төмендетіп, жеңілдік жасауға шақырды. Халқымызда: «Қайырымдылық жасасаң – қайырын өзің көресің» деген даналық бар. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім бауырының қажетін өтесе, Алла оның қажетінде болады. Кімде-кім мұсылманның бір қайғысын сөйітсе, Алла оның қайғы-қасіреттерінің бірін сөйітпеді деген», – деп атап өтті Кенжеәлі қажы Қоңыратбайұлы.

Алматы қаласының бас имамы Төлеби қажы Оспан мегаполисте Рамазан айындағы өтіп жатқан дайындық барысы туралы хабарлады.

«Алматы мешіттерінде қасиетті Рамазан айын атап өту үшін арнайы жоспар бекітілді. Ораза айына қаладағы барлық мешіттің дайындығы пысықталды. Биыл қаладағы 54 мешіттің 50-інде тарауих намазында құран хатым түсіріледі. Қалған 4 мешітте тарауих намазы құран хатымсыз оқылады. Алматы қаласының Орталық мешітінде «Рамазан шатыры» құрылып, күнделікті 500 кісіге ауызашар дастарханы жайылмақ. Сондай-ақ, қала мешіттерінде де ауызашар беріледі. Ауыз-

ашар бергісі келетін кісілер мешіттердегі жауапты мамандарға жолығуларына болады», – деді Төлеби қажы Оспан.

Сонымен қатар, Алматы қаласының бас имамы ақпараттық-насихат жұмыстары барысына тоқталды.

«Биылғы жылды ҚМДБ «Ислам және ізгі қоғам» жылы деп жарияландықтан, ораза айында «Рамазан – ізгілік айы» аясында түрлі шаралар (кездесу, семинар, дөңгелек үстел, сұхбат, уағыз-насихат, қайырымдылық, т.б.) ұйымдастырылмақ. Сондай-ақ, Алматы тұрғындары арасында «Жарапазан-Party» байқауын жарияладық. Мақсат – ораза айында дін мен дәстүрдің сабақтастығын дәріптеп, кенжелеп қалған дәстүрімізді жаңғырту болып табылады.

Оразаның алғашқы күндері қала мешіттерінде «Оразаға қатысты сауалдарға жауап беру алаңы» деген атпен жамағаттың діни сұрақтарына жауап беру шарасы өткізіледі. Алматы өкілдігі «Оразаға қатысты 200 сұрақ» атты кітапшаны «Muftuat» баспасынан шығарып, мешіттерде 10 000 тиражбен және 20 000 тиражбен ораза кестесі тегін таратылмақ.

Алматы өкілдігіне қарасты «azan.kz» сайтына бір күнде 20 мыңнан астам оқырман кіреді. Ал Рамазан айында оразаға қатысты мәлімет іздеушілер саны 50 мыңнан асып жығылады. Сайтқа бір мезетте кірушілердің көптігінен сайт жұмысы тоқтап қалатын кездері де болады. Сол себепті, «azan.kz/ kz/ramadan» парақшасы қазақ-орыс тілдерінде қосымша ұсынылып отыр.

Оразаға, жалпы діни мәселеге қатысты қандай да сұрақтар болса, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы жанынан ашылған Діни ақпарат беру орталығынан жауап алуға болатындығын хабарлаймыз. **Орталық нөмірі: 8 (7172) 33-30-30. Сондай-ақ, Алматы Орталық мешітіне қарасты орталық нөмірі: 8 (727) 329-09-66, 8 700 719 76 22»,** – деп үйіндеді Алматы қаласының бас имамы Төлеби қажы Оспан.





ЗЕРДЕ

Тәттігүл КАРТАЕВА,  
профессор:

# ҰМЫТЫЛҒАН ДӘСТҮРЛЕР

Наурызда атқарылатын әдет-ғұрыптар байырғы тұрмыс еншісінде қалған




Қазіргі таңда «Наурыз» ғұрыптарының трансформациялануы, яғни қазіргі заманға сай жаңаша сипат алуы басым

болуы себепті тарихи дәуірлердегі болмысын ашу, жазба деректер мен ауызша деректерді салыстырмалы сараптау, Наурыз мерекесін мұрат еткен басқа халықтар дәстүрімен салыстырмалы сараптау, Наурызға қатысты дереккөз базасын классификациялау этнограф ғалымдардың назарынан тыс қалған емес.

Наурыз мерекесін оңтүстік қазақтары көктеуде, ал көктем кеш түсетін солтүстік, шығыс қазақтары қыстауда қарсы алған. Жазба деректер, фольклорлық деректердің бірқатары ертедегі қазақтардың Наурызда «тазару» міндетті атқарылатын ғұрыптың бірі болған. «Тазару» ғұрыптары, ол түрлі аластау ғұрыптары. Қазақтардың тіршілік қамын қамтамасыз ету жүйесі төрт түлік малмен тығыз байланысты болды. Төрт түлік жесең – ет, кесең – киім, ішсең – сүт. Түйе, ат – мінсең көлік, жұмыс күші. Амандасқанда «мал-жан аман ба?» деп сұрауы да осының дәлелі.

Қазақтардағы «бай бір жұттық, батыр бір оқтық» деген сөздің астарында үлкен мән жатыр. Қысқы суықтан келетін жұттың қауіп-қатерінен аман-есен шыққандарына тәубешілік еткен қазақ көктемнің күні келгенде тәубешілік етіп, келесі жылдың көктеміне аман-есен жетуіне ырымдап, ғұрыптар жасаған. Соның бірі – отпен аластау. Екі жерден үлкен от жағып, малды екі от арасынан айдап өткізіп, одан кейін өздері оттан секірген. Оңтүстік қазақтары, Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойы қазақтары арасында әйелдердің жасы жағынан үлкенінің қауақтан жасалған ыдысты алып «қауақ сынды, қайғы кетті», – деп қауақты сындыру ғұрпы болғаны Н.Гродеков, Ө.Диваев жазбаларында айтылады. Ал шығыс, оңтүстік-шығыс қазақтарының арасында Наурызда кетік аяқ (ыдыс) болса сындырып, ескі заттарды «бәле-жала осымен кетсін» деп жерошақ қазып, отқа жағып, күлін көміп тастаған. Бұл ғұрып ескі зат үйдегі ошаққа тасталмағандықтан «моғал ошақ қазу» деп аталған. Аластау – тазарудың «моғал ошақ қазу» деп аталған ғұрпы туралы қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов қариялардан жазып алған.

Қазақтар арасында ертеде Наурыз аясында Қайрақанды көшіру, төрткөз сарыаяқ итті өлтіру, жұп шырақ жағу ғұрыптары болғанын да Мұхтар Әуезов тарқатып жазған. Бұл ғұрыптарға Мұхтар Әуезовтің өзі келесідей анықтама берген: «Төрт көз итті өлтіру, моғал ошақ қазу, жұп шырақ жағу ескі заман дін мейрамынан туған. Жұп шырақ жағу байырғы қазақтардың аспан, Көк тәңіріден кейінгі



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

сенімі от иесіне арнаған тілегі». Мұхтар Әуезовтің дерек жинаған кезінде көнекөз қариялардың қатары көп еді. Аластау, шырақ жағу рәсімдерінің архисемасы (түпкі мәні) От Әулиеге (От Құдайға), отқа табынумен (зоо-роастризммен, шаманизммен) байланысты сенім. Ыдысқа сүт құйып, «Қайрақан көш, көш» деп, ыдыстағы сүтті дүниенің төрт бұрышына шашады. Мұхтар Әуезов «Қайрақанды» «Қаракыпшақ Қобыланды» пьесасында Тоқтарбай мен Қараманның сөзіне қосады. Қобыланды мен Құртқаның қосылған тойында «отқа май салып», От Анаға сыйыну ғұрпы үстінде Тоқтарбай «Қарғысы қатты Қайрақан, қарғысынан сен сақта», – деп бата жасайды. Қайрақан образы С.Сейфуллин жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінде де кездеседі. Күнделікті сенімде қазақтар ағарғанды төкпейді, қасиетті ас санайды. Қазақтардың сенімінде Қайрақан жамандықтың иесі саналған мифтік бейне болса, керісінше Алтай түркілерінде Қайрақан қастерлі, қасиетті күш иесі, «таусу» иесі. Бұл қазақ халқының дүниетанымындағы ерекшелікті танытады.

Қазақтар төрткөз итті асырамаған, көрсе қуып жіберген немесе қан шығармай күшәлө



беріп өлтірген екен. Ал күнделікті өмірдегі наным-сенімде ит тотемінің маңызы жоғары саналады. Төрткөз итті аластату қазақтар арасында таралған «Кербала шөліндегі оқиға» туралы аңызбен де байланысты. Бұл күні осы айтылған ритуалдар да жаңа заманның келуіне орай жойылып кеткен. Бұл ғұрыптардың жойылуы қазақ даласына ислам дінінің дендеп енуімен байланысты екені анық. Осындай «аластау» ғұрыптары көшпеліліктен отырықшылыққа ауысу кезеңінен бастап жойылған.

Мәшһүр Жүсіп «Наурыз» атты қолжазбасында Наурызнама тойының соңғы «тойтарқар» күні әулиенің басына барып, сол жердегі көлшікке қант төгіп, қант тағыған тәтті суды жұрт жабыла ішіп, ырым қылғанын айтады. Тойтарқар күні әулиеге тәу ету, әулие басынан су ішу астарында қазақ халқының бірлік пен татулықты берік ұстанғандығы көрінеді. Бұл күні Наурызнамада бұлақ басына барып тәтті су ішу ғұрпы да тарихи дәуір қойнауында қалды.

Қазақтар наурыз айындағы күннің ұзаруын «Ұзынсары» деп атайды. Бұл сөзді жаппай немесе тұрмыстық қолданыста емес, тек осы мерекелік кезеңде тілге тиек етеміз. Ұзынсарыға деп қысқы соғымнан шеке, ет, кептірілген ірімшік және қарынға салып май, жент сақтаған. Жент дастарханымыздан үзілмегенімен, ұзынсарыға деп арнайы қарынға салып қатырып сақтау ғұрпы жойылды. Наурыз көже – ғұрыптық ас. Қазақтың Наурыз дастарханына жасалатын ғұрыптық асының мәзірінде соғымнан қалған сұр ет пен ағарғанның болуы, қазақтың мал шаруашылығымен, тағы да тіршілік қамының малмен байланыстылығында. Бидай немесе арпаның болуы – Наурызды мұрат еткен барлық халыққа ортақ, тоқшылық, молшылыққа ырымдалған ғұрып. Наурызға деп соғымға сойылған жылқының шекесін сақтау, «шекеге шақыру» ғұрпын Наурызда жасау қазіргі кезде Шығыс қазақтары арасында сақталып қалған отбасылық дәстүр. Наурызға деп шеке сақтау жайында да жазба деректер жеткілікті. Шығыс қазақтары «мал басы бұзылмасын, келесі «қызылға» (соғымға) аман-есен жеткізсін» деген байырғы ырыммен осы күні де бас, шекені етпен бірге асып, көжені сол сорпаға жасауды сақтап отыр.

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!



## Сайлау күні 609 бала дүниеге келді

19 наурызда Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттығына сайлау күні елімізде 609 кішкентай қазақстандық дүниеге келді. ҚР Денсаулық сақтау министрілігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, оның ішінде 312-сі – ұл, 297-сі – қыз болса, біреуі егіз.

«Мемлекеттің одан әрі дамуы үшін осындай тағдырлы және маңызды күнде дүниеге келген сәбилерге жарқын болашақ пен зор денсаулық тілейміз! Бүгін республиканың стационарларында емделіп жатқан пациенттер үшін емдеуге жатқызу орны бойынша дауыс беру үшін жағдайлар ұйымдастырылды», делінген хабарламада.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

## Түйемен келіп дауыс берді



Кешегі сайлауда дауыс беруге «Қар барысы», «Ниндзя тасбақалар», тіпті «Диван батыр» да келді. Сайлау учаскесін адыраспанмен аластап жүрген әйел де елдің назарын аударды.

Сайлау барысында ешкім оларға «неге бұлай келдің?» демеі. Ешкімнің қалауына шек қойылған жоқ.

«Мен барыс киімін киген себебім, бүгінгі сайлауға өзгеше ажар бергім келді және Қонаев қаламызға деген биік құрметті сол символ арқылы суреттеуді қаладым», – дейді Қонаев қаласының тұрғыны Нұрбек Орманов.

Ал талдықорғандықтар сайлау учаскесіне түйеге мініп келіп, дауыс беріпті. «Аптаның демалыс күндері түйемді орталық саябақтарға алып шығамын. Үстіне мінгеніне қуанған балаларды көрудің өзі бақыт. Осындай қызмет көрсетуден тапқан қаражатты түйенің жем-шөбіне, дәрі-дәрмегіне жұмсаймын. Бүгінгі сайлауға ертелеміп келіп, дауыс бердім. Себебі, күні бойы түйе бағымына қатысты атқаратын шаруам көп», – депті 15 жылдан бері түйе бағумен айналысатын Ұлан Байзақов.

Петропавлдық Болатбек Кәрімов болса, сайлау учаскесіне тракторымен келген. Ол мұнысын өңірде көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында қар шығару жұмыстарының қызып тұрғанымен түсіндірген. Жұмысынан жарты сағатқа сұранып, елдің жарқын болашағы үшін дауыс беріп кетіп бара жатқанын айтқан.

Нұр ЖАМАЛ.







## ӘДЕБИ КЕШ

# Наурыз

## «ТӨРЛЕТ, ЭЗ-НАУРЫЗ!»

Ұлыстың ұлы күніне орай «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК-на қарасты «С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінде» «Төрлет, эз-Наурыз!» атты тақырыпта әдеби жыр кеші өтті. Кеш модераторы – Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің жетекшісі, ақын Әділғазы Қайырбеков құрметті қонақтардың шығармашылық жолына шолу жасап, «Наурыздың нұры» өлеңімен іс-шара шымылдығын ашты.

Кешке Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Ару қала Алматы» жыр мүшәйрасының 1-орын иегері, ақын Болат Үсенбаев, Еуразиялық шығармашылық Гильдиясының мүшесі, ақын Шәмшия Жұбатова, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, 2-Халықаралық Түркі поэзиясы фестивалінің, Халықаралық «Сорос-Қазақстан» қорының «Қазақстандағы жаңа поэзия» бәйгесінің жеңімпазы, «Құрмет» орденінің иегері, ақын Баян Бекетова, Қырғыздың «Молда Бағыш» атындағы және Халықаралық «Ильһам» сыйлықтарының лауреаты, ТҮРКСОЙ-дың «Мақтұмқұлы Фраки» медалінің иегері, ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы және «Қазақстандағы жүз жаңа есім» жобасының жеңімпазы, PhD, ақын Ержан Жұмабек қатысты.

Жеке шығармашылықтарынан балалық шақ, жастық дәурен, көктем, жаңару, жан шуағы, махаббат тақырыбына арналған жырларынан шашу шашты. Қатысушылар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді. Әдеби кешке зиялы қауым өкілдері, Республикалық жоғары медицина колледжінің студенттері (жетекшісі – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Мас-тура Орынбасарова), музей қызметкерлері қатысты. Кеш өте әсерлі өтті.

Назгүл АЛТАЕВА,  
Алматыдағы С.Мұқанов пен  
Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық  
музей кешенінің ғылыми бөлім  
жетекшісі.

## НАУРЫЗНАМА

## «ШАҢЫРАҚ» ШАТТЫҚҚА БӨЛЕНДІ



(Басы 1-бетте)

Зерлі шапан киген ақсақалдар жиылған қауымға ақ баталарын берді. Аппақ кимешек-

терін киген әжелер ауылдың алты ауызын, халық әндерін шырқады.

Төреғали Төреәлі, Канат пен Айткүл Құдайбергеновтер, Гүлмира Ізбасканова, Мұх-

тар Ханзада, «Берен» тобы, Ербол Құдайбергенов секілді өнер жұлдыздары сахнаның сәнін келтіріп, әннен шашу шашты. «Қазақ аналары дәстүрге жол» Қоғамдық бірлестігі Алматы қаласы және Алматы облысы филиалының өнерпаздары, жас әншілер және Орталық өнерпаздары жиылған жұртқа өнерлерін паш етіп, Наурыз туралы көрініс қойды.

«Шаңырақ» әлеуметтік қызмет орталығы ғимараты аумағында оншақты киіз үй тігілген. Қыз-жігіттер алтыбақан теуіп, ұлттық ойындар ойнап, мерекелік сыйлықтарға ие болды. Киіз үйлерде қазақтың ұлттық тағамдарынан дастархан жайылып, қонақтар наурыз көжеден дәм тартты.

«Шаңырақ» әлеуметтік қызмет орталығының директоры Тұрарбек Тұманшиевтың айтуынша, кез келген қоғамның даму деңгейі ең алдымен егде жастағы адамдарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық көрсету, көңіл бөлу.

«Аға ұрпақты құрметтеу, қамқорлық жасау – руханилықтың және қоғамның жоғары мәдениетінің көрсеткіші. Біздің ата-бабаларымыздың жерінде әрдайым дәстүрге деген құрмет, аға ұрпақтардың беделіне құрметпен қарап, даналықтың, әдет-ғұрыптың, халық тарихын нәсихаттау арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу. Сондықтан да ардагерлерге, мүгедектерге және зейнеткерлерге қамқор болу – біздің міндетіміз. Бүгінгі Наурыз мерекесі де өз салт-дәстүрімізді насихаттау, қазыналы қарияларымызға құрмет көрсету мақсатында ұйымдастырылды», – деді Тұрарбек Мырзақимұлы.

Айнұр СЕНБАЕВА.

## МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

## НАУРЫЗ ТОЙЫ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесіне арналған «Наурыз – жаңғырған салт-дәстүрлер» атты мерекелік мәдени-танымдық іс-шара қаладан жиырма алты шақырым жердегі «Анаға құрмет» музейінде дүркіреп өтті. «Наурыз – жаңғырған салт-дәстүрлер» атты басқосуды Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты «Алматы облысының музейлер бірлестігі» және оның филиалдары ұйымдастырды.

Музейдің ауласына тігілген ақшаңқан киіз үйлер мен түйелер керуені келушілердің назарын бірден аударды. Ақ кимешекті аналар әр жерде топтасып, көктем мен табиғи жаңару мерекесіне ерекше сән қосты. Қызылды-жасылды ұлттық киім киген қыздар адамзат пен табиғаттың үйлесімділігін паш етіп тұрғандай еді. Музей маңынан ерлерге арналған ұлттық киімдердің де сан үлгісін көргендей болды.

Алма Серікбайқызы мен Қыдыр Нұрғожа мерекені жүргізе отырып, Орта Азия халықтары арасында бес мың жылдан астам уақыт бойы тойланып келе жатқан эз Наурызға жан бітірді. Тарихы тереңде жатқан бұл мерекеді «Ұлы дала» академиясының президенті, Халықаралық психологтар ассоциациясының академигі Төреғали Батырғали қобызын сарната тарта отырып, жиналғандарға бата берді. Шашу шашылып, жиналғандар бір-бірімен көрісіп, маз-мәйрам болысты. Өнерпаз жастар күй шертіп, ән шырқады.

– Тарихы тереңде жатқан бұл мерекеге бүгін адамдар көп жиналды. Бірнеше автобустар қаланың және облыстың өнерлі балаларын жинап, арнайы алып келді. Өскелең ұрпақ аналарымыздың игі істерін, бабаларымыздың ұстанған қағидаларын құлақтарына



сіңірсін, музей ішін аралап көрсін деген де ой болды, – дейді Алматы облысындағы музейлер бірлестігінің директоры Әнуар Мұхтарұлы.

«Ұйғыр» мәдени орталығынан келген оншақты ана өздерінің ұлттық тағамдарын табақ-табақ етіп, көтере келіп, өнерлерін ортаға салды. Әсіресе, аналар шырқаған әндер ерекше тартымды болды. Асыл жар, ұлт тәрбиешісі, қоғам ұйытқысы бола білген көпбалалы аналардың жүзі жарқын. Ардақты аналардың омырауына «Ұлы дала – ел анасы» атты медаль тағылды. Ақжарма тілектер көп айтылған Наурыз мерекесінің тағы бір ерекшелігі – Батыр ана Мәрзия Айтбайқызы Тұрлыханованың портретінің, жасаған еңбектерінің осы музейге қойылуы болды. Осы

орайда, Тұрлыхановтар әулетінің келіндері Ғафура, Эльмира, Шынар, Әлия және қызы Гүлнәр және немерелері Мәрзия апаның өмірдегі адами болмысын, кісілік келбетін, ағартушылық жұмысын көпшілікке баяндап берді.

Іс-шарада мерекелік концерт, Қыдыр ата, Ұмай ана, Абылай хан, Бұқар жырау және Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды билердің образдарынан құралған сахналық қойылымдар, сонымен қатар қолөнер шеберлерінің көрмесі көрермен назарларына ұсынылды. Қазақтың ұлттық ойындарынан жарыс ұйымдастырылып, Наурыз көже таратылды.

Нұрлан ҚҰМАР.

## НЕ?

## ҚАЙДА?

## ҚАШАН?

Өтетін орны: «Астана» алаңында.  
Күні мен уақыты: 24 наурыз, 11.00.  
Концертте: артистер сахнада ұлттық және әлемдік музыкалық шығармаларды орындап, актерлердің және балалар ұжымының қатысуымен театрландырылған музыкалық қойылым көрсетіледі.

## «НАУРЫЗ-ДУМАН»



Өтетін орны: Панфилов және Жібек жолы көшелерінде.  
Күні мен уақыты: 18–24 наурыз.  
Іс-шарада суретшілер мен қолөнершілердің көрмесі кілем тоқу, жібек пен керамиканы бояу, асыл тастарды кесу, былғарымен, ағашпен, шыны және сазбен жұмыс істеу технологиясымен таныса алады.

## «НАУРЫЗ FEST»



## «КӨКТЕМ ӨРНЕГІ»

Өтетін орны: Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.  
Күні мен уақыты: Көрмені наурыз айының 29-ына дейін тамашалай аласыздар.







НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ



# ӘЛЕМ ЖЫЛ БАСЫН ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛАДЫ?

Ұлыстың ұлы күні – өз-Наурыз шығыс күнтізбесі бойынша жылдың басы, жаңа жыл болып саналады. Самарқанның көк тасын еріткен, табиғат-ана толғатып, иіні жібіген мерекені Түркі халықтары қалай қарсы алады екен? Көк шығып, көктемде келген ортақ мерекенің қандай ерекшелігі бар? Қай елде, қалай тойланады?



Рая  
ЕСКЕНДІР

Египет Араб Республикасының азаматы Альсаед Абдел Аалдың студенттік жылдары Алматыда өткен. Қазақ халқының Наурыз мерекесіне барынша мән беретініне ерекше ризашылығын білдіреді. Оның айтуынша, египеттіктер Наурыз мерекесін тойламайтын көрінеді. Күнтізбеде 21 наурыз Аналар мерекесі болып белгіленген. Сондықтан бұл күні барша қауым Аналарға ерекше ілтипат білдіріп, барынша көңілді етіп атап өтеді екен. Кішкентай балалар аналарына деген сезімдерін өздері салған суретпен жеткізеді. Ал жылдың басы бұл елде 22 сәуірде тойланады. Үрдіске сай халық жиналып, көк шалғынға шығады. Сол жерде бір-біріне жылы сөз айтып, арада өкпе-реніш болса, кешіреді. Сосын бірін-бірі жаңа келген жылмен құттықтайды. Сосын міндетті түрде Ніл өзеніне соғып, елдің, отбасының амандығы үшін тілек тілейді. Бұл – жайсыз ауа райына қарамастан, орындалуға тиісті шарт болып саналады.

Гельдмурат Валиев өз-Наурызды Түркменстан халқы да ерекше қарсы алатынын айтады. Бұл күні әрбір отбасында үлкен дастархан жайылып, үстіне құтымен су, тірі балық қойылады. Міндетті түрде «Семене» атты ұлттық тағам әзірленеді. Өте қою тағамның құрамында қант болмаса да, тәтті. Кәдімгі қанттың дәмі білінеді. Неге бұлай екенін әлі күнге ешкім білмейді. Мұның құпиясы да осында.

Юдзи Маэдзиманың Отаны – Жапония. Бұл ел жаңа жылды 1 қаңтар күні тойлайды. Бірақ жапон халқы үшін бұл маңызды емес. Халықтың ұғымында бұл күн жәй ғана «мерекелік жексенбі».

– Біздің елде діни мерекелерге ерекше көңіл бөлеміз. Көктем мерекесін 13–15 сәуірде тойлаймыз. Мереке күндері көңілді жүруге тырысамыз. Игі тілектер айтылады. Үлкендер жағы бата береді. Жастар «Тань Кансанб», «Бо Анкун», тағы басқа ұлттық ойындарды ойнайды. Содан соң Синго храмына барып, 108 рет қоңырау соғуымыз керек, – дейді Юдзи.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Озгор Қоноғұлы Түркия азаматы. Озгордың айтуынша, түріктер Наурызды тойлағалы аса көп уақыт болмаған. Бұған дейін Наурыз митинг сияқты өтіп, халық алаңға өтініштерін тиісті өкілдерге жеткізу үшін ғана жиналған. Ал соңғы жылдары Наурызды тойлаудың болмысы мүлдем өзгерген. Алаңның орта тұсына от жағып қояды. Бұл қайнаған тіршіліктің белгісі. Сосын жастар ұлттық билерден сайысқа түседі. Әрбір отбасында мерекелік тағам Ашура әзірленеді. Ол наурыз көже сияқты, тек құрамы өзгешелеу. Мерекелік тағамдарға кебаб, ашура басқа да ұлттық тағамдар қойылады.

Асхат Байғончуктың ұлты қырғыз болғанымен, Алматыда тұрады.

– Қырғыз халқы Наурыз мерекесін 21 наурыз күні тойлайды. Тура қазақстандағыдай мерекелейміз. Тағамдар да қазақша ет, бауырсақ, сүт өнімдері, тары-талқан. Бізде тек Наурыз көже дайындамайды, – дейді Асхат.

Өзі қытай азаматы болса да, қазақ тілінде сөйлейтін Жань Юань барша қазақ халқын өз Наурызымен құттықтайды.

– Біз жылдың басы, жаңа жылды 7 ақпан күні тойлаймыз. Бұл мереке 15 күнге созылады. Әрбір үйдің маңдайшасында жақсы тілектер жазылып тұрады. Әдемі киініп, туыстарымыздың үйіне қыдырамыз. Теледидарлардан тек көңілді хабарлар көрсетіледі. Мемлекет тарапынан құттықтау айтылады. Қысқасы, барлық отбасына қонақ келу керек. Бұл сол жылы отбасында тек жақсылық болады деген ұғымды білдіреді, – дейді Жань.

ҚҰНДЫ КІТАП

## ЖАМБЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЭПОС ЖАПОН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛДЫ

«Қыз Жібек» жырының Жамбыл Жабаев жырлаған нұсқасы жапон тілінде жарық көрді. Туындыны аударған – Жапонияның Фольклортанушылар ассоциациясы мен Еуразия Жазушылар одағының мүшесі Шарафат Жылқыбаева.



«Бұл қазақтың салт-дәстүрін ғана емес, жалпы Орта Азияның мәдениетін танытатын құнды шығарма. Кітаптан Қазақстанның көркем табиғатын, көшпенділердің байырғы тұрмыс-тіршілігін танып-білуге болады», – деді еңбекке пікір жазған Хоккайдо университетінің Құрметті профессоры Такэда Масанао.

Кітаптың алғысөзінде қазақ фольклоры мен жыршы-жыраулар туралы мәлімет беріліп, «Қыз Жібек» эпосының жиналып-зерттелу тарихы баяндалған. Сондай-ақ, Жамбыл жырау шығармашылығы мен қазақтың жыраулық дәстүрінің ерекшеліктері, эпостардың қазақ мәдениетіндегі орны жайында жазылған.

Кітаптың соңында эпоста кездесетін этнографиялық терминдердің түсініктемесі берілген. Кітап Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ағымсалы Дүзелхановтың қылқаламынан туған «Қыз Жібек» топтамасындағы суреттермен безендірілген. Эпостың түпнұсқасы Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалды музейінде сақталған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

## НЕ?

## ҚАЙДА?

## ҚАШАН?

### ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР



Өтетін орны: Төле би көшесінің бойында Панфилов көшесінен Назарбаев даңғылына дейінгі аралықта.  
Бағдарлама: мұнда «Асық ату», «Жамбы ату», «Арқан тарту», «Қол күрес», «Қазақша күрес», «Көкпар тарту», «Тоғызқұмалақ» спорттық-ойын-сауық ұлттық жарыстарын өткізу жоспарланған.  
Күні мен уақыты: 18–24 наурыз аралығында.



### «МАҒАН НАЗАР АУДАР»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.  
Режиссері: Абдусатид Шайхисламұлы.  
Күні мен уақыты: 23 наурыз, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.



### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

Өтетін орны: Республика сарайы.  
Әртістер: «Бауыржан шоу» алтын құрамы, «Шаншар», «Алдараспан», Мұқасан Шахзадаев, т.б. эстрада жұлдыздары.  
Тұрақ: Бар.  
Ұзақтығы: 2 сағат.  
Жас шектеулері: 3+.  
Күні мен уақыты: 22 наурыз, 19.30.

Әзірлеген  
Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.





## УЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

# ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БИ ӨНЕРІ

## ерте замандардан бастау алып, бүгінге дейін өркендеп келеді

**Наурыз мерекесінде халқымыздың ұлттық ән-күйлері қайта жаңғырады. Концерттік бағдарламаға қыздар ұлттық билерді әзірлейтін. Қарап отырсақ, би қимылдарынан халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әсем табиғатынан, салт-дәстүрінен хабардар болуға болады.**

Тарихшылар мен этнографтардың пікірінше, қазақ биі ежелден пайда болған. Жиын-тойларда жалғыз, екі немесе топтық билер биленген. Олардың басым көпшілігі импровизация арқылы туындаған. Мәселен, бала кезімізден таныс «Қамажай» биінде қыздардың шаш өруі, айнаға қарап сәнденуі, жүн сабауы, ұршық иіруі секілді қимылдар қолданылған. Одан бөлек, қыздардың гүлдей құлпырған бейнелерін көруге болады. Қазақ биі синкретті өнер ретінде күрделі кезеңдерден өткен. Психолог мамандардың пікірінше, «Би ішкі рухани әлемді ашады, адамды сұлулыққа тәрбиелейді, адамгершілік қасиеттерді оятады».

Ұлттық би дегенде қыздарымыз бірден есімізге түседі. Бірақ солардың қатарында ер жігіттеріміздің орындауындағы «Ер Тұран» атты биді көпшілік біле бермес. Биде 12 жігіт өнер көрсетеді. Дегенмен, ең негізгі партияны бір жігіт орындайды. Соғыс, қан майданда ерлікпен күрескен жігіттер бейнеленеді. Бірігіп жауға қарсы тұрғаны, қылыш, садақ сынды қаруды шебер пайдаланғаны байқалады. Сондай-ақ, ат үстіндегі өнерін де байқауға болады. Биді көріп отырып, қазақ жігіттерінің қайсарлығын көруге болады.

Би кезінде жүрістің бірнеше түрі болады. Оларға кербез жүріс, құбылма жүріс, сәк жүріс, өкше көтеру, өкше кезек, өкшелеу, кезекті адым, кібіртік адым, шапшаң қадам жатады. Қазақтың би қимылдары алуан түрлілігімен ерекшеленеді, оларға шалқактау, сылаң қағу, ирек, сылқылдақ, табақ тарту,

сәндену, шыр айналу, ұршық, бұраң бел, теңселу, қол бұрау, малдас құру, қосаяқ, қызғалдақ, қыз қылығы, мақтаншақ, оймақ, өкшелеу, өрме, иірім, жайдары аяқ, жаулық, жүре отырыс, иілу, қайшылау, қамтыма, үшбұрыш, бұраң бел және т.б. жатады.

Күй қандай тақырыпқа арналып жазылса, сонымен бірге осы күйлерге байланысты да би қимылдары бар. Мысалы, «Айжан кыз» «Қос алқа», «Сарыарқа» билерін айтамыз. Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңдағанда, кең далада жосылған арғымақтардың шабысы, қыз қуу ойыны көз алдымызға келеді. Осы «Сарыарқа» күйіне «Қыз қуу» би қимылы шығарылған. Ертеде қазақтың ұлттық би өнерін киіз үйде билейтін болғандықтан, алуан түрлі дененің қозғалыстары мен бет-әлпет құбылулары арқылы биленген, яғни мимика. Мысалы, «Бүркіт биі», «Аю биі», «Өрмек тоқу», «Киіз басу», «Ортеке» билері осындай әдіс-тәсілдермен орындалған.

Қазақ билерін алғашқы кәсіби орындаушылар қатарында Шара Жиенқұлованы ерекше атаймыз. Ол – қазақтың алғашқы кәсіби бишісі. Шара апамыз халықтан көргенінің барлығынан бас-аяғы бар тұтас дүние жасап, жобаға түсірген. Алғаш рет 1965 жылы «Қазақ биін» дербес пән ретінде оқу бағдарламасына енгізген де Ш.Жиенқұлова болатын. Оның репертуарында 40-тан астам би болған. Олардың біразы Қазақстанның кәсіби және көркем-өнерпаздар ансамбльдерінің репертуарына енді.



### ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

- 2011 жылы Наурыз мейрамы қарсаңында 500-ге жуық студент Қызылорданың орталығында «Қамажай» биін орындады.
- 5 мың жыл бұрын Үндістан үңгірлерінде қашалып салынған суреттерде биге ұқсас қимылдар бейнеленген. Би құрылымы Египеттен басталған.
- Балетмейстер Я.Романовский 1949 жылы Моңғолияда тұратын қазақтардың «Қара жорға» биін билегенін көргені туралы жазған.
- Би – психиканың эмоционалды өрісінің өнімі болса, хореография – тілдік емес құралдармен, оның ішінде дене қимылдарымен берілген тілдік ойлаудың өнімі.

(Дереккөз:

«Қазақ дәстүрлі би мәдениетінің пайда болуы мен дамуы» кітабы).

## АТБЕГІЛІК ӨНЕР

**Арғымақ атты өзінің ырқына көндіріп, құлағында ойнайтын қазақ қыздары аз емес. Солардың бірі, әрі бірегейі – Аружан Амангелдіқызы. Бойжеткен бұрын тек жергілікті жұрт арасында танымал болса, қазір TikTok әлеуметтік желісінің арқасында көпті өнерімен сүйсіндіріп, алыс-жақын шетелге танылып келеді.**

– Атбегілікке қанша жасыңыздан бет бұрдыңыз?

– Алғаш 5 жасымда ешкімге айтпай, үйдегі асау атқа мініп алғаным бар. Осылайша 9 жасымға дейін Жирен есімді тұлпарды жанымға серік еттім. Отбасымызбен жылқымен айналысқандықтан, аттың түр-түрін кездестірдім. Соның ішінде өзімді ғана мінгізетін, адамды таңдайтын сары атым болды. Оны 3 жылдай міндім. Мені ғана қасына жақындатып, мені ғана мінгізетін еді. Сол қасиетімен жүрегімде қалып қойды. Ауыл-аймақ, туған-туыстың барлығы екеуміздің арамыздағы байланысқа қатты сүйсінетін. Ол атты бір кісілер сатып алғанда, қимадым, қатты күйзеліске түстім.

– Жылқылар бір-бірінен қалай ерекшеленеді?

– Жылқылар бір-бірінен мінезі, тұрпаты, бітімі арқылы өзгешеленеді. Жақсы атты айыра білу жылқы танытын адамға оңай. Жалындап тұрған, көзінен от шашып тұрған аттың болашағы бар. Жүйрік атты таңдау, оның сынын, бабын білу әркімнің қолынан келе бермейді. Қамыс құлақ, ешкі бас, бақайы тік, құйма тұяқ, аяғы жіңішкелеу келген, шоқтығы биік, сауырыны үлкен, жалпақ келетін аттар қашанда алдыңғы қатарда жүреді. Олар әрдайым өзінің күшіне, мінезіне сенеді. Біз аттарды құлын кезінен ажыратамыз. Бәйге мен көкпар атының сыны, тұрпаты, бапталуы да әртүрлі болады. Егер жылқының бойы сұңғақ, аяқ-қолы жіңішке, басы кішкентай болса, оны бәйге атына жатқызамыз. Олардың шапқан кезде желді жарып өтетін өздеріне сай жіңішке дене бітімі болады. Ал көкпар атының көбірек көңіл бөлінетін жері – төсі. Дене бітімі жуан, мықты, жүректі болуы қажет. Қазіргі уақытта ағылшын мен араб атының қосындылары бәйгеге көптеп қосылады. Ал таза қазақы жылқыларды көрмейміз. Негізі қазақ жылқылары өте төзімді болғандықтан, оларды тауға да, тасқа да және мал шаруашылығына да салады. Аламан бәйгеде басқа елден келген шатыс аттар жүлделі болады. Біздің өңірде бұрыннан келе жатқан таза қанды қазақы жылқылар көп кездеседі.

– Жарыс аты қалай бапталады? Оның дайындығында нені ескересіздер?

– Ауылда ағам екеуміз көкпар аттарын дайындадық. Атты суытып, белгілі бір уақытта жем-шөбін береміз. Оларды мініп, суға шомылдырып, тазалап, бір уақыт көңіл бөлінуі

# АТ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАҒАН АРУ



керек. Алматы қаласына келгелі бәйге аттарын даярлауды қолға ала бастадым. Үйреніп жатқан дүниелерім өте көп. Бұл жерде әр аттың өзінің жүретін уақыты, жолы бар. Өзінің салынатын ат әбзелдері бар. Оны шатастырмауымыз керек. Мәселен, бәйге жақындаған сайын жүретін қашықтық та арта түседі. Басында 3-4 сағатта 1,5 шақырым жол жүреміз. Одан кейін желдіреміз, сосын шаптырамыз. Жылқыларды көбіне ерте жаста үйретуге тырысамыз. Дегенмен, оларды үйрету мінезіне де байланысты. Қыңыр мінезді болса қиын бола бастайды. Себебі, кей кездері апталап үйретуге тура келеді. 2-3 жасқа толған аттарды абайлап міну қажет. Себебі, олар оңай бас бермейді.

– Бала кезіңіздегі қызықты оқиғалармен ой бөлісе отырсаңыз.

– Ең қызықты сәттер асау жылқыларды үйрету кезінде болатын. Ауылдың баласының барлығы жиналып жабағы тайларды үйретеміз. Сол кезде құлаймыз, кейде жылаймыз. Ақыры сол атты үйретпей, мінбей қоймаймыз. Әр құлаудың өзі бір кино секілді елестейді. Асау үйретуде жалғыз қыз мен болғандықтан, көңілдің барлығы маған бөлінетін. Сол себептен аттың үстінде құламауға, намысты бермей үйретіп шығуға тырысатынымын. Көп адам жылқыдан бір-екі

құлағасын қорқып қалады. Бірақ жылқыға қорқынышыңды білдірмеу керек. Қайта құлағаннан қайтпай, оны үйретемін деген құлшыныс болса, ат сізге бағынады. Бірде астындағы атым кенеттен үркіп қалып, терең суға бірге құлады. Сосын суда атпен арпалысып, тақымды жібермей бірге жағаға жеттік. Балшық сумен арпалысып, су да жұттық. Осы бір оқиға есте қалған еді. «Ат жалын төсейді» демекші, құлаған кезде бір жерім майып болып, аяқ-қолымды шығарып алған кездерім болмапты.

– Ат спортының қандай түрімен айналысасыз?

– Алғашында көкпарға қатыстым. Ауыл арасында, ұлдармен қатарласып бірге тартысатын едік. Жазда Меркі ауданының тауында боламыз. Сол кезде қойшылардың арасында көкпар болады. Үлкен кісілер менің барғанымды қызық көріп, өздері жерден алып, менің алдыма салып беретін. Мен оны алып қашып, үйлерге түсіреміз. Өзіммен шамалас жігіттер болғанда күшіміз тең болып қалатын. Тартысып, таласып ойнайтын едік. Наурыз кезінде қыз қуу ойынына қатысатынымын. Алматы қаласына келгенде ауылдағы жылқыларымды сағынып жүрдім. Содан біраз уақыт өткенде маған бір кісі хабарласып, қыз қууға шықсаң деген ұсыныс айтты. Мен бұл мүмкіндікті пайдаланып, алғаш рет «Топ жарған» орталығына бардым. Сөйтіп, қайтадан ат спортына жақындадым. Қазіргі таңда жамбы ату ойынына қызығушылық танытып, үйреніп жүрмін. Сабақтан кейін уақытымды «Топ жарған» орталығында өткіземін. Ол орталық қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеуді басты мақсат етеді. Тенге ілу, жамбы ату, қыз қуу секілді ойындарды насихаттайды.

– Адамдар жылқыға отырғанда нені білуі керек?

– Аттың үстінде адамдар тырысып, денесін жинап отырады, ол дұрыс емес. Ат барлығын сезеді, айналасын, үстін де байқай алады. Адам қорыққан кезде ол да тыпыршып, сүріншек келеді. Ертоқымды жібермей, мығым ұстағанда адамға бағынады. Үстінде еркін отырып, тақымды бос ұстап, тізгінді жинап, бір қолмен ұстап отырса, ол ат та адамның еркіне қарай жүреді. Жылқы малын адамдармен салыстырып қарасақ, жылқының ерекшелігін байқаймыз. Жылқы малы өзін баптаған адамды өмір бойы есінен шығармайды. Бір алма берсе, сол адам жылқының есінде қалып қояды. Мен бар сырымды, мұнымды жылқыға айтамын. Себебі, жылқы сырымды ешкімге шашпайды. Мен жылқы малын адамның нағыз досы дер едім.

Бетті әзірлеген  
Ақтоқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.





## САЛТ-ДӘСТҮР

## ЕР ҚАРУУЫ – БЕС ҚАРУ

Ежелден қонақжай, өздігінен ешкімге барып бекер соқтықпайтын халқымыз азаттыққа жету үшін талай тер төкті, небір нәубетті бастан кешірді. Әлем бойынша жер көлемі жағынан тоғызыншы орынды иеленген қазақтың жерін жаудан қорғап, ұрпақтың игілігіне сақтап қалу жолында ата-бабаларымыз аянып қалмады. Бір қолына домбырасын алып, даланы ән мен жырға бөлесе, бір қолында әрдайым қаруы болды. Әйтпегенде, осыншама байтақ жер еншімізге тиер ме еді?..

Айнұр  
СЕНБАЕВА

Бес қару – қазақ жауынгерлерінің шайқас даласында қолданған негізгі қаруларының жалпы атауы. Ел мен жердің тұтастығы үшін бабаларымыз қаруды атадан балаға мұра етіп қалдырып отырған. Білектің күші, жүректің түгімен қоса, қазақ өзінің бес қаруына сенген. Қазақ батырларының шайқас даласында қолданған қаруларының өте қуатты болғаны, жаудың құтын қашырғаны, батырлардың мәртебесін асырғаны тарихи жырларда, дастан, аңыздарда тамаша суреттелген.

Қазақтың қаруларын белгілі ғалым Шоқан Уәлиханов, Қалиолла Ахметжан сияқты ғалымдар жете зерттеген. Қ.Ахметжан батырлық эпостарда суреттелген қару-жарақтардың түпнұсқалық көшірмелерін жинақтаған.

Белгілі суретші, мүсінші, тарихи жәдігерлерді қалпына келтіруші, бесқарутанушы Данияр Байдаралының айтуынша, бес қарудың тарихы сонау Тас ғасырынан бастау алады. Ең алғаш жылқы қолға үйретілген кезден бастап, сол замандағы адамдар тастан қашап түрлі қарулар жасай бастаған. Ал қола дәуірінде қару-жарақ жасау кәсібі тіпті дами түсті. Металдан түрлі пышақтар, қанжарлар, балталар, садақ жасалды. Қыштан түрлі бұйымдар жасау да осы кезеңде бастау алды.

Қазақстан территориясы бүкіл әлем бойынша металл өндірісі ең мықты дамыған



## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данияр БАЙДАРАЛЫ, бесқарутанушы, реконструктор:

## ҚАЗАҚТЫҢ ӘР БАЛАСЫ БІЛУ КЕРЕК

Мен өзім қару-жарақтарға бала кезімнен қызығатынмын. Дипломдық жұмысым осы бес қаруға байланысты болды. Сол кезден бастап бұл саланы кәсіпке айналдырып, музейлердегі қарулардың түпнұсқаларына сәйкес көшірмелерін жасаумен айналыстым. Қазір еліміздегі зергерлер қарулардың декоративті түрлерін жасайды. Сондықтан қарудың шын түпнұсқасын көпшілік біле бермейді. Соғыста іске қолданған қаруларды түрлендіріп, дизайнын өзгертіп, былғары, ою-өрнек салудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Қазақтың бес қаруын ғалымдар академиялық жағынан мынандай бес топқа бөледі: қашықтықтан қолдануға арналған қарулар: садақ пен оқ; түйрейтін қару: найза; кесетін қару: қылыш, семсер; шабатын қару: айбалта; соғатын қарулар: гүрзі, сойыл, шоқпар. Мен реконструктор ретінде қаруларды сәл басқаша топтастырған болар едім. Неге? Мысалы, шақан балта деген қаруды алып қарасак, оның негізгі жүзінен бөлек екінші жағында кішкентай балташық бар. Осы кішкентай балташығымен шауып қана емес, соғуға да болады. Оны тек шабатын қару дей алмаймыз. Ал найзамен түйреуге де, кесуге де, шабуға да болады. Сондықтан практикалық жағынан алғанда жоғарыдағыдай бес топқа бөлу онша дұрыс емес. Қаруларды қолдану тәсіліне қарай бөлген дұрысырақ болады. Мысалы, садақ пен оқ қашықтықтан пайдаланылатын қару, сәл жақынырақ келгенде сабы ұзын найза қолданылады, келесі топ қысқа жүзді және ұзын жүзді қарулар: қылыш, селебе, қанжарлар. Ал бесінші топ, меніңше, арнайы қарулар, оларға: балталар, сойылдар, яғни әртүрлі қарулар, тіпті экзотикалық қарулар жатады.

өңір болды. Соғысқа арналған жауынгерлік қос дөңгелекті арба да қазақ жерінде, Орал өзенінің бойында пайда болған. Біздің заманымызға дейінгі 2000 жыл бұрын Сынтасты мәдениеті кезеңінде ата-бабаларымыз осындай арбаларды пайдаланған. Ерте Темір дәуірінде, яғни сақ кезеңінде металлургияның дамуы тіпті қарқын ала түсті. Осы кезде түрлі ат әбзелдері пайда болды, қарудың түрлері көбейді. Дәл осы кезеңде салт аттылық мәдениеті өркендей бастады. Дөңгелекті көліктердің түрлері пайда болды, мал шаруашылығы дами түсті.

«Ежелгі қазақ жеріндегі қару-жарақ жасау технологияларын басқа елдермен салыстырсақ, ең озық, ең дамыған халық болғанымызға көзіміз жете түседі. Айталық, ежелгі гректер әлі Қола дәуіріндегі қару-жарақ қолданған кезінде, ал біздің ата-бабаларымыз келесі Темір дәуіріне өтіп, түрлі дулыға, сауыттарды, қарулардың түр-түрін темірден жасады. Темірден және бұлаттан кейінгі түркі дәуірінде бес қару тіпті керемет дамыды, батырлардың үстінде ламиарлық сауыттар болатын және қанжар, қылыш, найзалар жасаудың технологиясы тереңірек дамыды. Осы кезде түркі әскері әлемді жаулағанын тарихтан білеміз. Бұл кезеңде қағанаттар пайда болды, қалалар салына бастады, Ұлы Жібек жолындағы сауда-саттық жанданды. Сол кезде жүк таситын үлкен дөңгелекті арабалар қолданылды. Бұл кезең көшпелі өркениеттің қарқынды дамыған кезеңі болды. Одан кейінгі Алтын орда кезеңінде бабаларымыз бай-қуатты, еңселі мемлекет құрғаны тарихтан белгілі. Қазақ жерінен шыққан Алтын адамдар осының дәлелі», – дейді зерттеуші Данияр Байдаралы.

## ТҮЙІН:

**Бесқарутанушы ғалымның айтуынша, қазақтың бес қаруын, ата-бабамыздың мұра етіп қалдырған жәдігерлерін бүгінгі ұрпақ білуге тиіс. Қолға қару алып, жауға шабатын заман болмауын тілейміз. Дегенмен, біздің ұлттық құндылығымыз, қазақтың жауынгерлік өнері мақтануға тұрарлық. Бүкіл әлем жапондардың самурайларын біледі. Өйткені, олардың насихаты күшті. Ал қазақтың батырлары мен жауынгерлік өнері самурайларды бес орап алатыны бесенеден белгілі.**

## АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

ЖЕРІК АС  
немесе «наурыз көжеге жерік болғанмын»

Әйелдің құрсағына бала біткеннен бастап, оның тағамдарға деген талғамы да өзгереді. Кірпияз бола түседі. Тіпті, бұрын мүлдем жегісі келмеген асқа тәбеті тартып тұруы да ғажайып емес. Тұн ортасында, ел қалың ұйқыда жатқанда сүйікті асын жегісі келетін әйелдер де болады.

Нұржамал  
ӘЛШЕВА

Иә, аңыз-әфсаналардан оқығанымыздай, кейбір әйелдер қасқырдың, қабыланнның, жолбарыстың, аюдың жүрегіне, сұңқардың көзіне жерік болып, күйеулерін айшылық алыс жерлерге жүгірткен. Жерігін қандырған аналардан туған балалар баһадүр батыр, ақылы асқан дана, тіліп сөйлер шешен болып өседі деп ырымдаған. Мәселен, Жалаңтөс батырдың анасы Ақтұмар көкжалдың төс етіне жерік болған деседі. Ал Шапырашты батырдың анасы Жұпар арланның бауырын шикідей жеп, жерігін қандырған екен деген аңыз қалған.

Ал бүгінгі әйелдердің жерік асының қатарында көбіне жеміс-жидектер мен көкөністер тұр. Әсіресе, тұздалған қияр мен қызанақтар жегісі келетіндер көп

көрінеді. Одан кейінгі орындарда балық өнімдері тұр. Таңқаларлығы сол, кейде ащы тағамдармен бірге тәтті бөлімші араластырып жегенді ұнататындар да кездеседі. Кәдімгі топыраққа, аппақ борға, тіпті сыраға жерік болған келіншектерді де көрдік. Қыстыгүні «қарбыз жегім келіп тұр» деген әйелдерді айтсаңызшы бұрынғы! Ал қазір жылдың төрт мезгілінде де бәрі табылады.

Әйел құрсағына біткен шарана тоғыз ай бойына анасының ағзасындағы дәрумендермен қоректен бастайды. Ал кейбір аналардың өн-бойындағы бар дәрумендер іштегі баланың өсіп-жетілуіне жетіспейді. Сөйтіп, енді ғана дамып, жетіліп келе жатқан шарана таба алмаған азығын ендігі жерде сырттан іздей бастайды. Осы кезде іштегі бала қажет еткен дәрумендерін анасы өз денесімен қамдап бере алмай, бала сұранысына қарай қажетті бір асқа жерік болады. Көксікті ас іздейді.

Мұны ертеректе әжелереміз «ананың жерігі», «іштегі баланың көксігі» деп атаған. Ал қандай ас-ауқатқа жерік болғанын білмеген әйелді «итжерік» дейді. Бұрын жүкті әйелдің қалаған асын тауып беру енесі мен абысын-ажынының, күйеуінің міндеті болған. Жерік асын жеген әйелдің көңілі де жайлы болып, іштегі бала да жақсы дамыған.

Сөз соңында қазақы ырым-тыйымдар туралы бірер сөз. Жаңа түскен келін киім-кешегін қысқартса, нәрестесі кем туады немесе түсік тастайды деген ырым бар. Түсік тастамасын деп, жас әйелдің көйлегінің етегін бүріп қоятын болған. Екіқабат әйелдің күні жакындаған кезде «Жер-ана, күш-қуат бере гөр» деп жалаң аяқ жүргізген. Жас босанған немесе аяғы ауыр әйел түнде суға бармайды. Екіқабат әйелге пышақ, ара, қайшы ұстатпайды. Уақытынан бұрын босанып қалмасын дегені. Толғағы қатты болады деп екіқабат әйелге толарсақ жегізбеген. Әйел босанар кезде үйдегі сандықты босатып қояды, сонда тез босанады деп ырымдаған. Босанып жатқанда жеңіл болсын деп, қыздың көйлегінің шетін жыртып «жол ашу» ырымын жасайды немесе ұлдың шалбарының балағын тіліп қоятын да ырым болған.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

## БАЛА – ОТБАСЫ СӘНІ, ӨМІР ҚУАНЫШЫ

Сәуле АРЫҚБАЕВА,  
төрт баланың анасы:

Тұңғышыма аяғым ауыр кезді еш ұмытпаспын. Тым жас едік. Жас отбасымыз. Пәтер жалдап тұрамыз. Нарықтың екі өкпеден қысып-ақ тұрған кезі-тін. Ата-анамыздан жырақта, алыста, басқа қалада тұрып жатқанбыз. Наурыз көжеге жерік болдым. Бірақ Балқашта наурыз көже дегенді білмейтін. Күйеуім екеуіміз бір асханаға арнайы барып тұрып, тапсырыс бердік. Түс ауа, сағат төрттерде дайын болады деді. Барсақ, наурыз көже емес, кәдімгі борщ қой. Жылап жібере жаздағандай болғам сонда. Сол көжені аңсаумен жүріп, ақыры босандым ғой, Аяла қызымызды. Алматыға келгенде, көшеде стақанмен сатылып жатқан жерінен тойғанша ішкенім де әлі есте. Бүгінде есіме алсам, күлкілі сияқты. Наурыз көжені әлі күнге сүйсініп ішемін.

Лиман МАРАТҚЫЗЫ,  
екі баланың анасы:

Мен жерік ас тұрмақ, күнделікті алдымызда тұрған тамақтың бірін де аузыма сала алмадым. Токсикоз өте қатты болды. Қара су да өтпеді тамағымнан. Ішкенімді ішкендей сыртқа шығарып тастайтынмын. Өзім жаңа түскен келінмін, қатты қысылғанмын сонда ата-енемнен. Бірақ мені үлкендер жақсы түсінді. «Ондай болады бәрінде, аландама» деп жұбататын. Енем күні-түні жанымда болды, система салып отырды. Сол медициналық түтікшемен тамақтанып отырдым. Сыртқа шығуға күш-қуатым жок, 50 келі салмақтан 42 келіге бір-ақ түстім. Есікті іштен бекітіп алып, жылайтынмын күндіз-түні. Құрсағымдағы сәбиге алты ай болғанда барып токсикозымның беті қайтты. Өмірге сәбиім келгенде қиналған күндерімді тез-ақ ұмытып кеттім. Бала – отбасы сәні, өмір қуанышы.





КЕЛБЕТ

# Ұлттық киімді ұлықтаған ҰЛАНДАР



**Ғаламтор шыққаннан бері біздің ұл-қыздарымыз қазақтың мұраларын әлемге паш етуге барын салып келеді. Қазақы ою өрнектелген киімдерді киіп, халқымыздың айбынын асқақтатып барады. Осыған орай, әлемдік аренада ұлтымыздың мерейін асырып жүрген спортшылардың ісін тізіп өтуді жөн көрдік.**



Спорт саласының шеберлері дағыстандық Хабиб Нурмаганбетов өз ұлтының бас киімі «Папаха» киіп алып, талай жекпе-жекке шыққанын білеміз. Конор Макгрегор ирланддықтардың кім екендігін танытатын дүниелерін насихаттап қояды. Бразилиялықтар да «Карнавал» бейнесін көрсетіп қалуға тырысады. Бұндай жаңашылдықтар жүздеп саналады. Әр ел өз жауһарын көрсетіп қалуға ұмтылады.

## СПОРТ – НАСИХАТ ҚҰРАЛЫ

Қазір әр нәрсені насихаттауға болады. Жарнама жасаймын деген жандарға бәрі ашық. Ғаламторға ыңғайын тауып, әрлеп немесе әспеттеп бір ғана видеоролик салсаңыз жеткілікті. Ертеңгі күні мыңдаған қаралым жинап шығады. Мұны бүгінгіңіз айрықша құралына балаймыз.

Біздің дәуіріміздің адамдарына биік ғимарат, зәулім сарайлар қызықсыз болып бара жатқандай. АҚШ, Еуропа елдерінің саяхатшылары Азия халықтарына саяхаттағанды ұнатады. Осындағы тарихты білгісі келеді. Мейлінше табиғи әрі шынайы көрініс көруді көкесейді. Сөйтіп, бір тарапқа сапарлайды. Ұлттық киімдерімізді киіп, ас-ауқатымыздан дәм татып, мауқын басады. Байқағандарыңыздай, шетелдіктерге біздің салт-дәстүріміз, болмысымыз қызығырақ. Олар аспанмен таласқан үйлерге қызықпайды. Қарбаласы көп қала өміріне қарағанда, байтақ даланы дұрыс көреді. Осы ретте ұлттық спортты дамытып, көшпенділер тарихын танытып қалғанымыз абзал.

Бүгінде қазақ спортшыларының атағы әлемге таралды. Егемендіктің алғашқы кездерінде қазақтың қандай ұлт екендігінен хабар аздау болды. Кейбір сырт елдің адамдары қай құрлықта орналасқанымыздан да бейхабар еді. Қылышынан қан тамған Кеңестік кезеңді айтудың өзі артық. XX ғасырдағы коммунистік идеология ұлттық дүниетанымға бойлатпады.

## Шавкат РАХМОНОВ

Әр кезеңнің өз оғланы болады. Ондай жандар ісінің бұқараға тағылымы мол. Айтқаны аңызға айналады. Ұстаған заты құнды жәдігер саналады. Әйгілінің жанкүйерлері оның қадір-қасиетін үнемі арттырады. Ендеше, біз айтты отырған спортшы Шавкат Рахмоновтың осыған дейінгі жүріп өткен жолына аз-кем көңіл бөлейік.

Өздеріңіз білетіндей, Америка Құрама Штаттарында қазақтың қайсар ұлы UFS спорты бойынша 5-мәрте кезекті жеңісіне қол жеткізді. OSTOGON алаңына қайтпай шығып, әр жекпе-жегіне қазақ халқына арнады. Бөрік киіп, мұхиттың ар жағында өнер көрсету оңай емес. Бөтен біреудің үйіне барып отырсаңыз да, ыңғайсызданасыз. Тымақ – қазақтың көнеден келе жатқан ұлттық киімдерінің бірі. Күн суықта басты суық аура райынан қорғайды. Бүгінде бұны дүйім елге танымал еткен Шавкат бауырымыздың ерлігі ерен. Ол әр сайыстың алдында ұлттық нақыштағы жәдігерімізбен шығудан танбайды.

Дәп қазіргі сәтте қазақ ұлының даңқы әлемге таралып тұр. Әйгілі MMA жұлдызы әрі спорт журналисі Лаура Санко Шавкат Рахмоновтың спорттағы белесіне танданып, жетістігіне баға берді. Тікелей эфирде тілдесті. Осылайша Лаура бөрікті киіп, телеарналарға сұхбат берді. Бұл да болса, қазақ-



тың батырына деген құрметі деп білеміз. Сондай-ақ, дүниедегі спортсүйер қауым қазақы нақыштағы мұраларымыздан хабардар болуда. Бұған отандасымыздың сіңірген еңбегі зор. Дәл осы бағыттан таймасын демекпіз.

## Қанат ИСЛАМ

Спортшыға қолдау керек. Ол әлемге өз жұртының кім екендігін танытып жатса, неге сүйсінбесек?!

Қанат Ислам бүгінгінің батыры. Қазақтың біртуар ұлы. Төрткүл дүниені тандандырған боксшы. Түгел Америка құрлығы, мына шеті Азия, оның ішінде Қытайды таңдай қақтырған айрықша спортшы. Оның соққылары дөп дариды. Қолының жылдамдығы керемет. Қимылы ширақ. Ұдайы байрақты бәсекелерде қазақтың тақиясын басынан тастамайды. Қазақтың намысты жігіт ағасының шапаны мен ұлттық бас киімі ғажап үйлеседі. Үнемі кішіпейілдік танытып, қазақы дархан мінезді көрсетіп бағады. Осының өзі бізге ұлттық рух сыйлайды. Кеңестік заманда қазақы болмыстан ажырадық. Тіліміз мүшкіл ахуалға ұшырады. Тәуелсіздік жылдары осы олқылықтың орны толып келе жатқандай. Осыны айнымас үрдіске айналдырсақ екен.

Тақия – киелі. Басты күн жылы мезгілде аптап ыстықтан қорғайды. Даналыққа жеткен, кемеліне келген немесе сол бағытқа бет бұрған адам қисе, жарасымды бола түсетіндей. Осы бір қасиетті Қанат ағамыз ертерек ұққан секілді. Қазақ дарабозының арқасында қазақтың ұлттық киімін жаһан біліп отыр. Мұны да өсіп келе жатқан жастарға үлгі-өнеге деп ұғамыз. Осы мақсаттан таймай, әлі де жоғары дәрежедегі жүлдені иелене беруіне тілектестік білдіреміз.

## Геннадий ГОЛОВКИН

Бокс өнерінен жетістікке жеткен тұлғалар көп. Барлығы білетін, көпшіліктің көңілінен ісімен де, тағылымды сөзімен де шыға алған Мұхаммед Әлидің жүріп өткен жолы айрықша. Жерлесіміз Геннадий Головкин сол шыңға өрмелеуге талпынып-ақ келеді. 40 жасына дейін талай жетістік пен марапатқа бөленді. Атақ-даңққа қолы жетті. Соңғы кездері жеңілістері де болуда. Ұтылмайтын ешкім жоқ екені анық. Солай бола тұра, тағы жеңуді көздеуде. Ол жағын өзі байыптар.

Головкиннің шаршы алаңға шығардағы сыртқы келбетіне зер салайықшы. Қазақтың ұлттық киімін киіп шығады. Дәлірек айтқанда, көк түсті ою-өрнекпен көмкерілген шапанды үстінен тастамайды. Кейбір жанкүйерлер мұхит асып, оның жұдырықтасу сәтінің куәсі болып келеді. Мұны спортшыға деген ризашылық деп ойлаймыз. Қанша дегенмен, адам бір нәрседен ләззат алуы шарт. Бұл ішкі күйзелісті тысқа тастаудың жолы болса керек-ті. Ол да өзінше бір әңгіме.

Ол әрбір жеңісінен кейін қолдаушыларға лебізін білдіреді. Талай рет АҚШ-тан алғысын жаудырды. Сөзінің соңын «рақмет», «Алға, Қазақстан!» деп бірлі-екілі сөзбен қазақша түйіндейді. Онысына да ризамыз. Ең негізгісі, қазақ көрермендерінің көңілін аулау үшін қазақы шапанды тастамай киіп, әр жарыста жарқыратып көрсетеді. Спортшы үшін өзіне де, халқына да бұдан артық жарнама болмас.

ТЕННИС

**Мемлекет басшысы теннисші Елена Рыбакинаны беделді турнирдегі жеңісімен құттықтады.**

## РЫБАКИНА – ҰЗДІК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Instagram парақшасында қазақстандық теннис майталманы Елена Рыбакинаны Индиан-Уэллс жеңісіне байланысты жарияланған құттықтау мәтіні төмендегідей:

«Елена Рыбакинаны Индиан-Уэллстегі беделді турнирдегі сенімді жеңісімен құттықтаймыз! Спортшымыз жоғары кәсіби деңгейде ойын, темірдей мінезді және спорттық мінез-құлықтың жоғары мәдениетін көрсетті. Еленаның әлемдегі ең жақсы корттарда жаңа табыстарға жететініне сенімдімін!».



АЗИЯ КУБОГЫ

## ҚОЛА – ҚОРЖЫНДА

**Садақ ату қазақтың қанына сіңген ерекше қасиет. Халқымызда «құралайды көзге атқан» деген сөз кездеседі. Осы бір тәмсілді текке айтпаса керек. Қазақ елінің атынан барған споршыларымыз садақ атудан үздіктер қатарына көтерілді. Осыдан біраз бұрын аз-кем оларға қарата сын айтқандай болып едік. Соның нәтижесі ме екен, кім білсін, қола жүлдені еншілепті.**



Көрші Қытайдың Таоюань қаласында садақ атудан Азия кубогының 1-кезеңі ұйымдастырылды. Оған жан-жақтан садақ атудың шеберлері жиналды. Сол жарыста қазақ мемлекетінің айбынын асқақтата алған жігіттерімізді ел білуі тиіс. Олар: Акбарәлі Қарабаев, Андрей Тютюн мен Бунед Мирзаметов. Осы сайыста біздікілер Тайландты 228-223 есебімен жеңіп, қола жүлдегер атанды. Біздің мергендер жартылай финалда Малайзиядан бір ұпай айырмашылығымен жол берді. Есеп – 229-230.

Қыздарымыздан да үміт зор. Әйелдер құрамасы Үндістан мен Бангладештен басып озса, мүмкін алтынды еншілеп қалар. Онысын алдағы жарыстардан байқайтын боламыз.

**Бетгі әзірлеген  
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**





## ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 6 наурыздағы № 1/167 қаулысы  
Алматы қаласының Әділет департаментінде  
2023 жылдың 7 наурызында №1721 тіркелген

**Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласының  
жекелеген аумақтарына көлік құралдарының кіруін  
шектеу туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 2/122  
қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласының жекелеген аумақтарына көлік құралдарының кіруін шектеу туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі №2/122 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №1278 болып тіркелген) келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

аталған қаулының 1 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. Электр қозғалтқышындағы көлік құралдарынан (электромобильдерден), сондай-ақ арнайы техника мен коммуналдық, жедел және шұғыл қызметтердің көлік құралдарынан басқа, «Шымбұлақ» шатқалының ерекше қорғалатын табиғи аймағына көлік құралдарының кіруі шектелсін»;

келесі мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:

«1-1. 2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін осы аумақта қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға тиесілі және (немесе) қызмет көрсететін көлік құралдары «Шымбұлақ» шатқалының ерекше қорғалатын табиғи аймағына кіруге шектеусіз кіре алады».

2. Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы, «Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғат паркі және Алматы қаласы Полиция департаменті (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

**Әдеп кодексі – мемлекеттік қызметшілердің  
ең басты міндеті**

Әдеп кодексінің басты мақсаты – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, дәлірек айтқанда, мемлекеттік қызметке нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың алдын алуға арналған іс-қимылдарды жасау, мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін сақтаудағы жауаптылық деңгейін көтеруді үйлестіруге байланысты іс-шараларды қабылдау және мемлекеттік органдардың әдеп жөніндегі комиссияларымен өзара іс-қимыл бойынша ұсынымдарды және ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

Мемлекеттік қызметкер – бұл мемлекетіміздің бейнесі және айнасы болып табылады деп айтсақ та артық емес. Соған байланысты мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің өсуі мен өркендеуі оның еңбегінің нәтижесі екенін ұмытпауы тиіс. Мемлекеттік қызметкер деген биік дәрежеге жету және сол дәрежеге кір келтірмей ұстап өту – әр азаматтың басты міндеті. Тек бірігіп еңбек ету арқылы ғана және мемлекеттік қызметкерлік этиканы орындаған кезде ғана біз осындай биік жетістіктерге және дәрежелерге жете аламыз. Мемлекеттік қызметкерге негізгі қабылданған әдеп нормаларын сақтау өте басты мәселе, өйткені ол тікелей қоғаммен жұмыс жүргізеді және әртүрлі тұлғалармен үнемі байланыста болу арқылы қызметін атқарады. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкердің сыртқы бейнесі, киім үлгісі, іс-әрекеті, сөйлеу мәнері, ой-пікірі, жеке қасиеттерінің барлығы да адамға нұқсан келтірмейтіндей қызмет ету керек. Осы аталғандардың барлығын сақтау үшін этикеттің принциптерін ұстану керек.

Мемлекеттік қызметші жан-жақты дамыған тұлға болуы тиіс, үнемі салауатты өмір салтын ұстануы және отбасы құндылықтарын насихаттауы қажет. Бұдан басқа жұмыстан тыс уақытта бізге рухани баю қажет. Бұл ретте адамның ар-намысына тіл тигізу, заңнаманы бұзу, қоршаған адамдардың тәртібі мен қауіпсіздігіне қол сұғу сынды адамгершілікке жатпайтын қылықтарға жол бермеу керек. Жұмыстан тыс уақытта мемлекеттік қызметшіге беделін түсіретін және қоғам тарапынан сын мен айыптау тудыратын жағдаяттардан қашқақтау қажет.

Алматы қаласы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру  
департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі –  
Бауыржан Асқарұлы ТЫНЫСБЕКОВ.

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!**

**«Almaty aqshamy» gazetine 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!**

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен  
және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕІМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді [almaty-akshamy.kz](mailto:almaty-akshamy.kz) сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ  
ИНДЕКСТЕРІ:**

**65503 (жеке жазылушылар үшін)**

1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге

**15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)**

1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**

1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге

**Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

Газетіміздің келесі саны 25 наурыз, сенбі күні шығады.

## ҰЛТТЫҚ БАНК

**«MUHTAR ÁYEZOV. 125 JYL» коллекциялық  
монеталарының сатылымы басталғаны туралы**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің» РММ Алматы қалалық филиалы 2023 жылдың 14 наурызында номиналы «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» монеталар сериясынан «MUHTAR ÁYEZOV. 125 JYL» коллекциялық монетасын сатылымға шығарады.

«MUHTAR ÁYEZOV. 125 JYL» коллекциялық монетасын сату Ұлттық Банктің [kazcoins.nationalbank.kz](http://kazcoins.nationalbank.kz) интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.

Номиналы 500 теңгелік күмістен жасалған монеталардың бейнесі



Номиналы 100 теңгелік мельхиордан жасалған монеталардың бейнесі



**«MUHTAR ÁYEZOV. 125 JYL» монетасының сипаттамасы:**

Биыл 28 қыркүйекте қазақ жазушысы, әдебиеттанушы ғалым, драматург Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толды.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, еліміздегі банктерде шотқа есепке алынуға, аударылуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Күмістен жасалған монеталар мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде ҚҰБ-тың нөмірлі сапа сертификаты бар кәдесый орамында болады. Мельхиор қоспасынан жасалған монеталар жеке блистерлік орамда шығарылады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

**Ақпаратты «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы әзірледі.**

**«AHMET BAITURSYNULY. 150 JYL» коллекциялық  
монеталарының сатылымы басталғаны туралы**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің» РММ Алматы қалалық филиалы 2023 жылдың 14 наурызында номиналы «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» монеталар сериясынан «AHMET BAITURSYNULY. 150 JYL» коллекциялық монетасын сатылымға шығарады.

«AHMET BAITURSYNULY. 150 JYL» коллекциялық монетасын сату Ұлттық Банктің [kazcoins.nationalbank.kz](http://kazcoins.nationalbank.kz) интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.

Номиналы 500 теңгелік күмістен жасалған монеталардың бейнесі



Номиналы 100 теңгелік мельхиордан жасалған монеталардың бейнесі



**«AHMET BAITURSYNULY. 150 JYL» монетасының сипаттамасы:**

2022 жылғы 5 қыркүйекте қазақ ағартушысы, қоғам қайраткері, ғалым, лингвист және түркітанушы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толды.

Монетаның бет жағындағы (аверсі) орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның сол және оң жағында ұлттық ою-өрнек элементтері орналасқан. Жиегінде айналдыра – QAZAQSTAN ULTYQ BANKI • NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN деген жазу бар. Монетаның төменгі бөлігінде номиналын білдіретін жазу бар: күмістен жасалған монетада – 500 TENGE, мельхиор қоспасынан жасалған монетада – 100 TENGE. Сол жағында монета жасалған металды және оның сынамасын білдіретін Ag 925 деген жазу, оң жағында массаны білдіретін 24 g деген жазу орналасқан.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) Ахмет Байтұрсыновтың плакаттық графика стилінде орындалған портреттік бейнесі орналасқан. Портреттің оң жағында кітаптың стильдендірілген кескін жақтауында 150 JYL және Ahmet Baitursynuly жазулары бар. Жоғарғы бөлігінде ҚҰБ логотипі мен соғылған жылы – 2022 бейнеленген. Төменгі бөлігінде – қылқалам бейнесі, Ахмет Байтұрсыновтың өмір сүрген жылдары – 1872 және 1937 ж.ж., төменгі бөлігінде қылқалам бейнесінің астында Bilim áлемdi qutqarady жазуы орналасқан.

Коллекциялық монеталар белгіленген құны бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында барлық төлем түрі бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде аудару, ұсақтау және айырбастау үшін қабылдануға міндетті.

Коллекциялық монета Қазақстанның теңге сарайында жасалған.

**Ақпаратты «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы әзірледі.**



Бас директордың  
міндетін уақытша атқарушы –  
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**

Бас редактор –  
**Төрехан ДАНИЯР**

Бас редактордың  
орынбасары –  
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Жауапты хатшы –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**

Жаңалықтар мен ақпарат  
бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің  
редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және  
тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық бөлімінің  
редакторы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Коммерция бөлімінің жетекшісі –  
**Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
e-mail: [d\\_kuanysh@mail.ru](mailto:d_kuanysh@mail.ru)

Жарнама және  
тарату бөлімінің менеджері –  
**Алия ЕСИМХАНОВА**  
e-mail: [dalemesh@vecher.kz](mailto:dalemesh@vecher.kz)

**Шығармашылық даму  
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Мұрат ӘУЕЗОВ,**  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша  
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ  
Алматы почтамтына:  
+7 707 932 39 18 телефондары  
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-  
саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Alatay Aqparat» ЖШС.**  
[alatayaqparat@mail.ru](mailto:alatayaqparat@mail.ru)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі  
күндері шығады.**  
**Апталық  
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –  
Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

Газет Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және қоғамдық даму  
министрлігінің  
Ақпарат комитетінде тіркелген.  
Тіркеу туралы  
№KZ80VPY00026040  
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның  
компьютер орталығында теріліп,  
беттелді.  
Суреттердің сапасына  
редакция жауапты.  
Жарнама мәтініне жарнама беруші  
жауап береді.  
Автордың мақалалары редакция  
көзқарасын білдірмейді.  
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де  
басылды. 050044, Алматы  
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.  
Тел.: 273-50-53  
Офсеттік басылым,  
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің  
электронды нұсқасы  
«AIR ASTANA»  
әуе компаниясы бортындағы  
жолаушыларға қолжетімді.**





## ОРАЗА КЕСТЕСІ



muftyat.kz

QR-код арқылы Рамазан  
парақшасына өте аласыздар

# Рамазан 2023

Ораза кестесі

Тижри 1444 жыл

## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

| Рамазан айы | Апта күндері | Наурыз және Сәуір | Таң (Сәресі бітетін уақыты) | Күннің шығуы | Бесін | Екінті | Ақшам (Ауызашар уақыты) | Құптан |
|-------------|--------------|-------------------|-----------------------------|--------------|-------|--------|-------------------------|--------|
| 1           | Бейсенбі     | 23 Наурыз         | 05:32                       | 06:48        | 13:02 | 17:20  | 19:10                   | 20:26  |
| 2           | Жұма         | 24 Наурыз         | 05:31                       | 06:46        | 13:02 | 17:21  | 19:12                   | 20:28  |
| 3           | Сенбі        | 25 Наурыз         | 05:29                       | 06:45        | 13:01 | 17:22  | 19:13                   | 20:29  |
| 4           | Жексенбі     | 26 Наурыз         | 05:27                       | 06:43        | 13:01 | 17:23  | 19:14                   | 20:30  |
| 5           | Дүйсенбі     | 27 Наурыз         | 05:25                       | 06:41        | 13:01 | 17:23  | 19:15                   | 20:32  |
| 6           | Сейсенбі     | 28 Наурыз         | 05:23                       | 06:39        | 13:00 | 17:24  | 19:16                   | 20:33  |
| 7           | Сәрсенбі     | 29 Наурыз         | 05:21                       | 06:38        | 13:00 | 17:25  | 19:17                   | 20:34  |
| 8           | Бейсенбі     | 30 Наурыз         | 05:19                       | 06:36        | 13:00 | 17:26  | 19:19                   | 20:36  |
| 9           | Жұма         | 31 Наурыз         | 05:17                       | 06:34        | 13:00 | 17:27  | 19:20                   | 20:37  |
| 10          | Сенбі        | 1 Сәуір           | 05:15                       | 06:32        | 12:59 | 17:28  | 19:21                   | 20:38  |
| 11          | Жексенбі     | 2 Сәуір           | 05:13                       | 06:30        | 12:59 | 17:28  | 19:22                   | 20:40  |
| 12          | Дүйсенбі     | 3 Сәуір           | 05:11                       | 06:29        | 12:59 | 17:29  | 19:23                   | 20:41  |
| 13          | Сейсенбі     | 4 Сәуір           | 05:09                       | 06:27        | 12:58 | 17:30  | 19:24                   | 20:43  |
| 14          | Сәрсенбі     | 5 Сәуір           | 05:07                       | 06:25        | 12:58 | 17:31  | 19:26                   | 20:44  |
| 15          | Бейсенбі     | 6 Сәуір           | 05:05                       | 06:23        | 12:58 | 17:32  | 19:27                   | 20:45  |
| 16          | Жұма         | 7 Сәуір           | 05:03                       | 06:22        | 12:57 | 17:32  | 19:28                   | 20:47  |
| 17          | Сенбі        | 8 Сәуір           | 05:01                       | 06:20        | 12:57 | 17:33  | 19:29                   | 20:48  |
| 18          | Жексенбі     | 9 Сәуір           | 04:59                       | 06:18        | 12:57 | 17:34  | 19:30                   | 20:50  |
| 19          | Дүйсенбі     | 10 Сәуір          | 04:57                       | 06:17        | 12:57 | 17:35  | 19:32                   | 20:51  |
| 20          | Сейсенбі     | 11 Сәуір          | 04:55                       | 06:15        | 12:56 | 17:36  | 19:33                   | 20:52  |
| 21          | Сәрсенбі     | 12 Сәуір          | 04:53                       | 06:13        | 12:56 | 17:36  | 19:34                   | 20:54  |
| 22          | Бейсенбі     | 13 Сәуір          | 04:51                       | 06:11        | 12:56 | 17:37  | 19:35                   | 20:55  |
| 23          | Жұма         | 14 Сәуір          | 04:49                       | 06:10        | 12:56 | 17:38  | 19:36                   | 20:57  |
| 24          | Сенбі        | 15 Сәуір          | 04:47                       | 06:08        | 12:55 | 17:39  | 19:37                   | 20:58  |
| 25          | Жексенбі     | 16 Сәуір          | 04:45                       | 06:06        | 12:55 | 17:39  | 19:39                   | 21:00  |
| 26          | Дүйсенбі     | 17 Сәуір          | 04:43                       | 06:05        | 12:55 | 17:40  | 19:40                   | 21:01  |
| 27          | Сейсенбі     | 18 Сәуір          | 04:41                       | 06:03        | 12:55 | 17:41  | 19:41                   | 21:03  |
| 28          | Сәрсенбі     | 19 Сәуір          | 04:39                       | 06:02        | 12:54 | 17:42  | 19:42                   | 21:04  |
| 29          | Бейсенбі     | 20 Сәуір          | 04:38                       | 06:00        | 12:54 | 17:42  | 19:43                   | 21:06  |

## ЕСКЕРТПЕ:

- 21 СӘУІР – **ОРАЗА АЙТ**.
- СӘУІР АЙЫНЫҢ 17-НЕН 18-НЕ ҚАРАҒАН ТҮН – **ҚАСИЕТТІ ҚАДІР ТҮНІ**.
- ПІТІР САДАҚАСЫ ЖАН БАСЫНА **535 ТЕҢГЕ**.
- **ОРАЗА НИЕТІ**: АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ РАЗЫЛЫҒЫ ҮШІН ТАҢ АТҚАННАН КҮН БАТҚАНҒА ДЕЙІН РАМАЗАН АЙЫНЫҢ ОРАЗАСЫН ҰСТАУҒА НИЕТ ЕТТІМ.
- **АУЫЗАШАР ДҰҒАСЫ**: УА, ЖАРАТҚАН ИЕМ! СЕНІҢ РАЗЫЛЫҒЫҢ ҮШІН ОРАЗА ҰСТАДЫМ, САҒАН ИМАН КЕЛТІРДІМ, САҒАН ТӘУЕКЕЛ ЕТТІМ, СЕН БЕРГЕН РИЗЫҚПЕН АУЫЗ АШТЫМ. УА, КЕШІРІМДІ АЛЛА! МЕНІҢ АЛДЫҒЫ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ КҮНӘЛАРЫМДЫ КЕШІР!
- САҚТЫҚ ҮШІН СӘРЕСІН **10 МИНУТ** ЕРТЕ ЖАБУ.
- САДАҚАНЫ KASPI.KZ, HALYK HOME BANK, FORTEBANK, БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ, ASTANA-PLAT, ВЕРЕКЕ БАНК МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗПОЧТА АРҚЫЛЫ АУДАРУҒА БОЛАДЫ.